

ISSN 2312-8348

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

Баишев Университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Баишев Университета

2020

№ 4 (70)

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы**

**ВЕСТНИК
БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА
научный журнал**

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың
29 қаңтарында тіркелген, куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в
Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство № 4645-
Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца

**№ 4 (70)
декабрь
2020**

2000 жылдан бастап шығады Издается с 2000 года

**БАС РЕДАКТОР
ГЛАВНЫЙ
РЕДАКТОР**
Ахан Б.А.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

**БАС
РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
ЗАМ.**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ -
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**ГЛАВНОГО
РЕДАКТОРА**

Лыгина О.И.

РЕДАКЦИЯ

АЛҚАСЫ

РЕДКОЛЛЕГИЯ

Ташмухамбетов Б.Г.
(Қазақстан)

Абрахам Алтонаян
(Великобритания)

Асаров А.А.

(Қазақстан) Бияшев
Б.Г. (Қазақстан)

Жанпейсова Н.М.

(Қазақстан) Камаруль
Хавари (Малайзия)

Корченко А.Г.

(Украина)

Ли Дзень Хун

(КНР) Лыгина О.И.
(Қазақстан)

Сейтенова С.С., Комарова Д.Т. 4
Рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзекті
мәселелері

Seytenova S.S., Seitkaliyeva G.H. 8
Formation of creative abilities of the future teacher

Туребаева Б.З., Имагамбетова А.А. 11
Жеке тұлғаны қалыптастырудағы адамгершілік
тәрбиесінің ролі

Измлеуова С.Ш., Демеуов Ә.Ш. 16
Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін
қалыптастыру

Альситова А.Б., Сұлтан Ж.И. 20
Теоретические аспекты формирования
профессионально-ценностных ориентаций будущих
учителей

Жәнібек А. Қ., Жумаганбетова Б. Т. 24
Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық
дағдыларын дамыту үшін заттық-дамытушылық ортаны
ұйымдастыру

Тадеуш Граца (Польша) Асадуллин Р.М. (Россия)	Shurakhanova K.Sh. Forms and types of extracurricular work in computer science classes	30
Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия) Султангареева Р.А. (Россия) Тяпухин А.П. (Россия)	<i>Тасбулатова Б. Н.</i> Развитие фонематического слуха младших школьников в условиях обновления начального обучения	33
Терегулов Ф.Ш. (Россия) Кереев Я.М. (Казахстан)	<i>Балапашева А. А.</i> Обзор современных инструментов обучения фармацевтической номенклатуре студентов высших медицинских учебных заведений	40
Махамбетова У.К. (Казахстан) Уразгалиева М.А. (Казахстан)	ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ	
Морочковская А.А. (ответственный секретарь)	<i>Калмагамбетова С. Р., Тасболат Н. А.</i> Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің тәуекелділік ерекшеліктері	45
	<i>Баймукашева Ж.З., Динисламов Д.А</i> Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару	50
	<i>Исатай И., Калденова Г.С., Иманбаева З.О.</i> Шағын бизнесті дамыту шаралары	52
Адрес редакции: г.Актобе ул.Бр.Жубановых д.302 «А» для писем: 030000 г. Актобе, а/я 64 e-mail: vestnik@bu.edu.kz тел.:8(7132) 974081,82	<i>Хамит Д.,Ф., М.Мүсіров</i> Аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру жолдарын жетілдіру	56
	<i>Дарибаева А.А.,Ф.М.Мүсіров</i> Ұлттық банктің 2020 жылғы ақша-кредит саясаты	59
	<i>Тлеужанов Б.,Ф.М.Мүсіров</i> Әлемдегі өзекті мәселенің бірі – жастар жұмыссыздығы	63
Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала мазмұнына авторлар жауап береді. Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения редакции.	ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ	
Авторы несут ответственность	<i>Рахимжанова Ш.Р.</i> Влияние человеческой деятельности на атмосферу	67
	<i>Сейлова Р.Д</i> Кусочно-постоянные управления для линейных систем	70
	<i>Суингараева Л. Н., Алдамжаров Н.Н.</i> Техника и технология проведения резки боковых стволов	73

за выбор и представление фактов.	<i>Сундетова А.Р., Қалжанов Б.Р.</i> Жартылай өткізгіш диодтар. Түзеткіш диодтар	79
Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1- 2003 СИБИД «Библиографическ ая запись. Библиографическо е описание. Общие требования и правила составления».	<i>Сундетова А.Р., Аймаганбетова Б.А.</i> Энергия үнемдеуші шамдардың әсері <i>Шураханова К. Ш.</i> Қазіргі ақпараттық технологиялар: ұғымдар, құрылым, технологиялар	83 87
ӘЛЕУМЕТТІК- ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР – СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ		
Сдано в набор 20.12.2020	<i>Бимашева А.М., Кумарова А.</i> Features of linguistic and cultural interference in the process of foreign-language intercultural communication	92
Подписано в печать 20.12.2020 г. Формат 21x29,7. Печ.л.8,4 Тираж 100 экз. Отпечатано в РИО Баишев Университет	<i>Халымбек Ә., Науманова Э. Ш.</i> Қазіргі қытай тіліндегі заманауи интернет сленг <i>Сабирова Н. Ж.</i> 一帶一路倡议下文化传播的有效路径 <i>Кишкенебаев Р.У., Хайруллаева М.Т.</i> Features of the official business style of English commercial correspondence <i>Масабаева А.Н.</i> Фасциолез животных <i>Бекзада А.Л.</i> Фразеологияның когнитивтік-семантикалық аспектілері <i>Bekzada A.L.</i> Comparative analysis of idiomatic expressions in english and kazakh	96 99 106 111 114 118

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 14.07.07.

Сейтенова С.С.¹, Комарова Д.Т.²

^{1,2}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе,
Kdt2009@mail.ru

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын ұлы ойшылдардың еңбектері арқылы қалыптастырудың жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: Адамгершілік, құндылық, рухани-адамгершілік құндылық, ойшыл.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды қоғамдық әрі педагогикалық мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру – уақыт талабына сай қажеттілік. Бұл туралы ел президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына арнаған «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негіздеме берген болатын [1].

Қай заманда болмасын, сол қоғам талабына сай азаматты тәрбиелеуді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – адамның рухани байлығын арттыру екендігі заңдылық. Бүгінгі таңда адам айтса нанғысыз аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиетіміздің жүдеу тартуы, мейірімсіз жастардың кез-келген қоғамдық ортадан табылатындығы жасырын емес «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген ата-бабамыз қашанда ұрпақ тәрбиесіне тірлікте ерекше мән беру керектігін ескерткен. Олай болса, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адами қағидаларға негізделген қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық.

«Құндылық» - ұғымын адам бола білу, қадір – қасиетті сезіну, өмірдегі өз орны мен өмір сүру жолын білу деп түсінеміз.

«Рухани- адамгершілік құндылықтар» - дегеніміз адамның ішкі жан-дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элементі деп білеміз.

Өйткені, рухани – адамгершілік құндылық адам санасында орын алып, сана арқылы игеріліп, іс-әрекетке жетелейді. Сондықтан, біз үшін құндылықтың өзегі- Адам, тәрбиесі- Адам болуға ұмтылыс жасау болуы тиіс.

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғамның барлық даму кезеңінің зерттеу объектісі болып келеді. Оған түрлі кезеңдерде өмір сүрген қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, т.б) еңбектерінде рухани-адамгершілік құндылықтарды үнемі уағыздалуы, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат тұтқан идеялар айқын дәлел.

Мәселен, Әл-Фараби «адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан табады. Осы қоғам арқасында жетіліп, өз қабілетін шындап өзіндік өмір сүру мәні қалыптасады» - десе, Қожа Ахмет Иассауи «Адамның жетілуінің нәтижесі- оның ақылдылығы, ал анықтаушысы- адамгершілік кемелінде» деп ескертеді.

Сыр бойының XII ғасырдағы білімді оқымыстысы, ақын Ахмет Йүгенекидің осы мәселеге қатысты, «адамгершілік мінез-құлық уағыздау жолымен ғана емес, оларда моральдық сенімді дамыту және адамгершілікке бейімділікті туғызу арқылы қалыптасады» дейді [2].

Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы адамгершілікке тәрбиелеу әдісінде, ұлттық құндылықтың негізі ретінде тиым сөздердің мәнін аша отырып «Қырық бірге жұғыспау», «Жетіге тиіспеу», «Он екіден айырылмау» деген мағыналы ережелерді ұсынады.

Адам тұмысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Олай болса, тәрбие мәселесін ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болу ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапгершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуіне тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң жобасының 35-бабында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті» делінген [3]. Мұндай жағдайларда отбасылық дәстүрлердің тәрбиеге тигізер ықпалы зор. Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында былай деп жазылған: «Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениетін жетілдіру - әділетті қоғамның басты міндеті» [4].

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жас ұрпақ бойына мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыстар, өлең, жыр, дастандар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңызы ерекше. Яғни ол-адамның ішкі жан дүниесінің ерекшелігін көрсететін, адамгершілік деңгейін анықтайтын, сипаттайтын, оның тұрақтылығы мен үздіксіздігін, дамуын, әлеуметтану дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ең маңызды ішкі жан дүниесінің элементі.

Халық ұстазы атанған Ы.Алтынсарин еңбектерінде рухани- адамгершілікке тәрбиелеу проблемасындағы атап көрсеткен құндылығы, иман, әділдік, адалдық, көңілдік, сыпайылық-шын берілгендік, адал-ниет, өсиет, жомарттық, кеңпейілдік, үнемді- орынды жұмсау.

Осындай түрлі адамгершілік мәселелерін талдап жүйелесек ғұлама ойшылдармен мен ұлы ұстаздарымыздың шығармаларында олардың адам бойындағы ең асыл қасиеттерді дәріптеуі бүгінгі ұрпақтың дүниетанымын кеңейте түсуге көмектесе қоғамның даму тарихын адамгершілік тұрғыдан қабылдай білуге, талдау жасауға, терең түсіне білуге үйретеді; олардың еңбектері жастардың адамгершілік мінез-құлықтарының қалыптасуына бағдар береді; ғұламалардың рухани қазынасы қазіргі жастардың адамды сүйе білу, адамды тану талғамын қалыптастыруға септігін тигізіп, адами жетілуіне, уақыт талабына сай үйлесімді дамуына негіз болады.

Еліміз әлемдік қауымдастыққа зор құрметпен, беделмен кіруі үшін ең алдымен ұрпақ тәрбиесін әрқашанда назардан тыс қалдырмауымыз керек. Ол үшін, мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерге тәрбиелеу қаншалықты қиын болса, соншалықты маңызды да жауапты іс ретінде басты назарда болуы тиіс. Рухани -адамгершілік тәрбие оқушының тәртібін және жеке басының дағдысын қалыптастырады. Осыған орай, бүгінгі тәжірибеде мектеп оқушыларына адамгершілік ұлттық-рухани мұралар негізінде жан-жақты, жүйелі тәрбие беруді көздейтін «Атамекен» бағдарламасының негізге алынып жүргендігі баршамызға аян. Бағдарламада «Салт», «Асыл мұра», «Балалар өсиеті», «Қыз бен жігіт», «Заманай», «Достық», «Ата-ана», «Қайырымдылық», «Сөнбес жұлдыз» атты тәрбиелік

мәніне орай топтастырылған бөлімдер бар. Егер біз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, көп болып жұмыла осы бағдарламаның өз дәрежесінде іске асырсақ, өркениетті ел қатарынан көрінуімізге мол үлес қосқан болар едік .

Қазақ халқы-рухани зор байлықтың мұрагері. «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара- пар!» деді Л.Н. Толстой [5].

Ендеше, өткеннен нәр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу және ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды рухани-адамгершілікке баулу мүмкін емес. Рухани-адамгершілік құндылықтар мен сапаларды оқушының бойына дарыту үшін, ең алдымен, олардың саналығын көтеру; екіншіден адамгершілік тұрғыдан сезімталдығын тәрбиелеу және дамыту; үшіншіде, оқушының бойына жағымды мінез-құлықтың дағдылары мен қылықтарын үнемі сіңдіріп отыру қажеттілігі талап етіледі. Ол үшін жасөспірімдердің өздері өскен аймақпен, қоғамдық ортамен тікелей байланысты оған тәуелді екендігін, өзінің жүріс тұрысы мен мінез-құлқын өмір сүріп отырған ортада қабылданған тәртіп ережелеріне сәйкес үйлестіре қалыптасу қажеттігін түсінуі, оларды халықаралық аренада қолданып келе жатқан өзара сыйластық пен құрмет тұтынушылық сезімді тәрбиелеу мәселелерін жүзеге асыруды басты бағыт - бағдар ретінде белгіленуі тиіс.

Қазіргі кезеңде ұлттық мектеп пен ұстаздар қауымының алдына қойылатын міндет жастарға рухани- адамгершілік тәрбие беруде ұлттық мұраларымызды жаңғырту, яғни ұлттық құндылықтарды басшылыққа алу көзделеді. Қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолдануы тағы да басқа келеңсіз көріністер алды да болса айтылатын шындықтар. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің арасынан қылмыстың ең ауыр түрлеріне баратындар да аз емес. Бұл қиындықтан шығудың жолын табу ата- ана, педагогтердің, бүкіл қоғам алдында тұрған күрделі проблемалардың бірі.

Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп түйіндейді мұны халық даналығы. Сондықтан бала санасына оның өмірінің алғашқы жылдарынан- ақ адамгершілік сезімдерін сіңірудің орны бөлек. Жастайынан бойға сіңген мінез басқа бір зор күш әсерінен болмаса, есейгенде де сақталады. «Баланы жастан», «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген, халықтық қағидаға сүйенсек ата-бабаларымыздың, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты терең мән бергендігін айырықша көруге болады. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің бәрі отбасынан бастау алып, қоғамдық өмірмен астарласа отырып қанатын кең жаяды. Сондықтан да халық даналығы отбасынан бастау алатын тәрбиенің мәні мен маңызы, ондағы ата-ананың рөлі туралы керемет тұжырымдар айтып қалдырған. Ұрпағына ізгі тәрбие беруді мақсат еткен халқымыз тәрбие мәселесіндегі өз тәжірибесін, ойға түйген, ұстанған қағидасын, ұсынар тағылымын мақал-мәтелдер арқылы қорытындылап, тұжырымдаған. Тәрбие жөнінде бірде «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» десе, ал енді бірде «Ананың ізін - қыз басар, Атаның ізін – ұл басар» деп аталы сөз айтқан [6].

Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында » еңбегінде... Мағжанның жүрек тебіренерлік (лирикасы) мөп-мөлдір лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол ұлттық құндылықтарымыз әрбір адамның ішкі жан дүниесін рухани байытып, сана-сезімін шарықтатып көтеретініне күмән келтіре алмайсың» деген салиқалы сөздер біз көтеріп отырған мәселені шешуде ұлттық құндылықтарды игерген, рухани бай, өресі жоғары, білімді, ел болашағын ойлайтын тұлғаны қалыптастырудағы мақсат, міндеттердің нақты бағыты айқындалып тұрғандай мәселесімен жұмыс істеу керек [7].

Яғни, біздің пайымдауымызша ең берекелі, ең парасатты тәжірибе-әрине халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған

даналық дәстүрлер, танымдық-тағылымдық баға жетпес ойлар болса керекті. Бұл тұжырымдап айтқанда тарихи қалыптасқан ұрпақ тәрбиесіне қатысты халықтық рухани-материалдық мұралардың жиынтығы - халық педагогикасы.

Қазақ ауыз әдебиетті нұсқаларын жинаушы әрі зерттеуші М.Әлімбаевтың «Мақал-мәтелдер- халықтың моральдік кодексі, тәрбие қағидасы, атаның артындағы ізбасарына қалдырған өнегелі өсиеті»-деген тұжырымына сүйенсек, ата-бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесі жөнінде айтып, сан алуан тақырыптардағы кеткен даналық ойларының бүгінгі тәрбие процессіндегі мәні мен мүмкіншіліктері зор [8].

Халықтық рухани мұраның бір бөлігі- қазақ мақал- мәтелдерінің тәрбиелік мүмкіндіктері мол. Мәселен, қазақ халқының мақал-мәтелдері, нақыл сөздері, ырым-тыйымдары жай ғана айтылған ұйқас сөздер емес, олардың бәрінің тәрбиелікте, танымдық та тұрғыда алғанда адамгершіліктік мәні ерекше. Мысалы: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Әдептілік ар-ұят- адамдықтың белгісі»- дейді халық даналығы.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ой-пікір тарихында ірі ғұламалардың бірі болып саналатын XI-ғасырда өмір сүрген Ж. Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы- педагогика тарихында ерекше орны бар, рухани- адамгершілік тағылымы мол мұрамыздың бірі. Шығармада:

«Үш нәрседен жүр алыс, сақ, байқағын,
Бірі- қыңыр, қисық болма, айтарым.
Бірі- жалған, сұғанақтық- үшіншісі,

Үшеуінің түбі қорлық, түсінші»- деп жас ұрпақты адам бойындағы теріс мінезден сақтандыра отырып, оның асыл рухани қасиеттерді қайырымдылық, әділеттік, шыншылдық, парасаттылықты өте жоғары бағалап, дәріптейді. Ұл ғұлама шығармаларындағы:

« Әділет-күт, күт құрығы- кішілік,

Әділеттің заты-тұнған кісілік, - деген жыр жолдары адам қадір-қасиетімен, білімімен, ақылымен және әділетімен ғана Адам екенін нақты айқындап көрсетеді.

Ал қазақ халқының мәдени өмірінің тарихындағы ірі тұлғалардың бірі- Абай Құнанбаев өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде жасөспірімдерді жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үндеуді мақсат етеді. Абай шығармаларының бүгінде танымдық та, тәрбиелік мүмкіндіктері бүгінгі күнге дейін өз мәнін, маңызын жойған емес. Ұлы ақын қазақ жастарының әсемдік, сұлулық және адамгершілік ізгі қасиеттерін тәрбиелеуді өмір бойы басты идея етіп ұстап, жетілдіріп отырған. Бұл тұрғыда ағартушы әсіресе, ақынның мына өлеңдерін атауға болады : «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», « Жүрегім нені сезесің», және «Ғылым таппай мақтанба», Абай туындыларының қайсы бірі болса да, ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөл атқарып, тұлға бойындағы адами имандық қасиеттерді қалыптастыра отырып тұлғаны жан-жақты жетілдіруде педагогикалық мүмкіндіктері зор.

Ақын шығармаларының негізі- адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу. Мәселен, Абай «біреуге көмектесу- ішкі зор қуат пен терең ақыл және ыстық сезімнің ісі», - деп біледі. Міне осындай қасиеттер түгелдей бір адам бойында болғанда ғана, ол салиқалылықпен біреуге жанашыр бола алады дейді. Сол сияқты Абай жасөспірімдерді әділеттілікке тәрбиелеудің мәнінің зор екенін «дұшпаныңа да әділ бол» деп білдірсе, ал рухани-адамгершілік қасиеттердің мәнін «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «...Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі», «... өзің үшін үйренсең, жамандықтан жиренсең, ашыларсың жылма- жыл» деген сөздерімен аша түседі. Ол досты да адамгершілігі арқылы танып білу, яғни достықты нығытатын, күшейтетін рухани- адамгершілік сапа қасиеттер деп санаған деген ой түюге болады.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін рухани ерлік, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек», - дейді Ә.Кекілбаев [9].

Олай болса қазіргі жанашылдық даму үрдісінде, елу елдің қатарына, қысылмай,

қиналмай кіру үшін рухани-адамгершілігі мол ұрпақ қажет. Рухани адамгершілік тәрбиесі құнсызданса, қоғамның дағдарыста болғаны. Қазіргідей нарықтық қатынасқа сатылай өтіп жатқан кезеңде қоғам мен мемлекет өзін таныған, түсінігі мол, ұлтын сүйетін, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан рухани сау, табиғи мықты, жалпыадамзаттық және ұлттық мінез-құлық нормаларын іске асыра білетін, рухани жағынан жетілген жан-жақты адамды тәрбиелеуге өте мүдделі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы \ Егемен Қазақстан, 2007 жылдың 28 ақпаны.
2. Ахмет Иүгенеки Қазақтар-Кзаки; 9-ый попул.Справочник. Алматы ,1998-Т.9.С.287
3. Әбілова .З .Ә., Қалиева .К. М. \ Этнопедагогика оқулығы .Алматы 1999 - 254 бет.
4. Толстой Л.Н.Чем люди живы .Собр .сочинений .М . ,1982.
5. Мұқанғалиев.Е. Өміртану ізгілік-Адамгершіліктің белгісі Жалын, 2007, №12, 86 бет
6. Баласағұн.Ж. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсіндіріп жазған А.Егеубаев.- Алматы: Жазушы, 1986,-616б
7. А. Құнанбаев. Шығармалардың толық жинағы, - Алматы: Ғылым, 1987.-2т.-280б.
8. Бақтиярова Г.Р. Халық тағылымы- тәрбие қайнары.- Алматы: Ғылым, 2002.36б.
9. Оразбекова. К. Иман және инабат.-Алматы «Ана- тілі» -1993.14б.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

В этой статье обсуждается, как духовные и моральные ценности учеников могут формироваться в результате работы великих мыслителей.

Ключевые слова. Мораль, ценность, духовно-нравственная ценность, мыслитель.

TOPICAL ISSUES OF THE DEVELOPMENT OF SPIRITUAL AND MORAL VALUES

Annotation

This article discusses how the cooking and moral values of the teaching staff can be shaped by the outcome of the work of the great evangelizers.

Key words Morality, priceless, oven-nourishment value, clairvoyance.

МРНТИ 14.07.07

Seytenova S.S.¹, Seitkaliyeva G.H.²
^{1,2}*Baishev University, Kazakhstan, Aktobe*
Seitenova_ss@mail.ru

FORMATION OF CREATIVE ABILITIES OF THE FUTURE TEACHER

Annotation

The article actualizes the importance of developing the creativity of the future teacher as a professional and personal quality that determines the competitiveness of the future teacher, his readiness to master innovations, to changes in the education system and society. the creative personality of the future pedagogue, which the modern school needs so much, can be formed only

in the appropriate creative environment surrounding the future specialist.

Key words: creativity, teacher, creative environment, personality, specialist.

In connection with the perception of a new civilization by humanity, as well as with the growing need of society and the state for creative, flexible, original, creative people who strive for the creative implementation of their tasks, there is a need to prepare them on the basis of various modern methods and techniques (competence, system-creative, research, etc.). This shows the versatility of the modern nature of specialist training, especially in pedagogical science, since the main feature of the pedagogical profession is the formation and development of these qualities in the student. These requirements indicate the relevance of the formation of a special competence – creativity in future teachers. Creativity is a unity of communicative, creative, team competencies and personal qualities (motivation for success, passion for knowledge, ability to take risks, activity), aimed at the perception and development of a new pedagogical product, the creation and adoption of ideas, decisions, which contributes to the further formation of creative competencies of pupils [1]. In recent years, the works of I. E. Bryakova, A. M. Davtyan, N. V. Zelenko, F. V. Sharipova and others devoted to the study of creative competence have appeared.

At the same time, the situation in the field of modern education pays special attention to the ideas of humanistic and humanitarian strategies: the orientation of the relationship between the teacher and students to "humanity"; the consideration of pedagogical activity as a joint activity aimed at jointly overcoming individual and personal difficulties, etc. according to T. A. Zhdanko, O. F. Chuprova: "personal development and pedagogical interaction are carried out not only through the subject, but also through the creation of a certain space of interaction consisting of vital situations" [2]. This justification actualizes the need to organize a special pedagogical interaction. This is a joint scientific and creative search, in other words, using the research potential of students, it is possible to increase the effectiveness of the educational component by actively financing scientific research, allocating targeted grants to young researchers, as well as by opening scientific, research, innovative and technological technology parks, technologies, incubators, etc. in the regions of the Republic of Kazakhstan. This practice, in turn, indicates the urgency of the need to train creative thinking specialists who are ready to work in creative teams and teams. By joint scientific creativity (judgment) we mean the method of interaction of subjects of the pedagogical process in research activities based on the rule of hermeneutic influence from a methodological point of view, the implementation of which assumes the Transition (Monitoring and dialogue) and systematic ("meeting", "understanding", "thinking", "creativity") Phases [3].

The prerequisites for identifying the problem of forming the creative competence of the future specialist in joint scientific work are considered in the works of A. N. Voronin, I. P. Ivanov, A.V. Morozov, A.V. Rastyannikov, S. R. Yagolkovsky and others, as well as aimed at modernizing the content of education in the Republic of Kazakhstan. Special attention is paid to this issue in the documents. In our work, we strive to demonstrate in the form of a model ways to consider the creative competence of future teachers in joint scientific works.

In the pedagogical dictionary, the "model" is interpreted as a system of objects and signs that mimic some unique properties of the original, the study of which can give new information about this object and replace it " [4]. Thus, the model of the formation of creative competence in joint scientific creativity consists of a set of the following components: purposefulness, methodological, content, organizational and modular. The purpose of the process of forming the creative competence of a future specialist is to determine the creative competence of a future teacher at the lower, middle and higher levels, consisting of several criteria (creativity itself, communicative, team competencies), personal qualities (motivation for success, desire to know, activity, ability to take risks) and indicators (knowledge, skills, experience and indicators of personal quality of each

competence). The methodological component of the model is presented in the form of competence, systematic creativity and hermeneutic approaches. Within the competence approach, creative competence is interpreted not only as the acquisition of individual knowledge, skills and abilities, but also as the ability to use them in various situations to act effectively and productively in order to achieve a high level and experience of personal development aimed at self-development, self-realization and self-actualization. The process of cognition in relation to the system-activity approach is carried out not only by communicating information to students, but also in the process of their independent activity. Such activity is carried out by demonstrating the needs and opportunities of the individual in building his own trajectory of development and his own scientific career, individualizing and individualizing it. The hermeneutic approach is based on solving the problem of mutual understanding of subjects of the pedagogical process, in particular, scientific creativity is based not only on the transmission of information, but also on the content search, interpretation, and understanding of the activities of subjects. Here, emotional and moral influence allows us to understand the importance of human actions in organizing the pedagogical process, so we consider it as the essence of the concept of joint scientific creativity.

The methodological component includes the principles of forming the creative competence of the future teacher, in particular, openness, continuity, plasticity, understanding, dialogue, reflexivity, dominance, metaphorical. In the research of Yu.V.Senko and M. N. Frolovskaya, these positions are chosen based on the following features: "the results of studying the place of the stated views and the style of pedagogical thinking (understanding, dialogue, other dominant, reflexive and metaphorical)" [5]. Within the framework of the implementation of these principles, the variability of individual routes for the development of creative competence, scientific and Educational Trajectories, the formation of Subject-subject relations between the subjects of the pedagogical process and the principles of "lifelong learning" are implemented, etc.

The content component of the formation of creative competencies of a future specialist in mutual scientific creativity is research work carried out in the educational process and outside of training. In the first case, students master the pedagogical disciplines provided in the curriculum; develop skills and abilities to independently conduct research stages in traditional and non-traditional forms of training. In the second case, young researchers are invited to work in the scientific community, clubs and seminars, competitions, grants, conferences and Olympiads of various levels, etc. participation is taken into account. The organization of the formation of creative competencies of a future specialist in research work is carried out using the method of interaction of subjects of the pedagogical process. As a result, the Transition (Monitoring and dialogue) and sequential ("meeting", understanding, thinking, action) phases are carried out, through which a certain product is produced as a result of scientific research and the achievement of personality changes. Thus, the path to achieving the goal begins with the transition phase of "monitoring", which consists in predicting, evaluating and diagnosing the level of formation of creative competencies. This phase is carried out with the help of diagnostic methodology (control, interview, creativity, tasks, analysis of creative results, interaction analysis, tests, questionnaires, sociometry, etc.), which justifies the essence of the creative competence of the future teacher.

REFERENCES

- 1 Bryakova I. E. Methodical system of formation of creative competence of students-philologists of pedagogical higher education institution: PED. gyl. Doct. the dessert. - Saint Petersburg, 2010. - 463 b.
- 2 Zhdanko T. A. Educational and professional space of the University as a pedagogical condition for forming the competitiveness of a student's personality: monograph / T. A. Zhdanko, O. F. Chuprova. - Irkutsk: IGLU, 2012. - b. 40

- 3 Volkov A. E. Russian education-2020: a model of education for innovation economy [Electronic resource] / A. E. Volkov, Ya. I. Kuzminov, I. M. Remorenko, B. L. Rudnik, I. D. Frumin, L. I. Yakobson-URL: <http://www.hse.ru/data/2011/02/21/1208561970/model2020.pdf> (12.05.08).
- 4 Kodzhaspirov G. M. Dictionary of pedagogy / G. M. Kodzhaspirov, A. J. Kodzhaspirov. – M: IKTS "March", 2005. P. 55.
- 5 Senko Yu. V. Pedagogika understanding: excellent Ali / Yu. V. Senko, M. N. Frolovskaya. – M.: Drofa, 2007. – b. 32.
- 6 Modern dictionary on pedagogics / RT. E. S. Rapatsevich. – Minsk: Modern word, 2001. – b. 457.
- 7 Shumovskaya A. G. student's Diary as a means of forming creative competence of a person (from work experience) [Electronic resource] // Scientific and pedagogical journal of Eastern Siberia "Magistr dixit". Irkutsk: IGLU, 2012, no. 1.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігін, оның инновацияны игеруге, білім беру жүйесі мен қоғамдағы өзгерістерге дайындығын анықтайтын кәсіби және жеке сапа ретінде болашақ мұғалімнің шығармашылығын дамытудың маңыздылығы нақтыланады. Қазіргі заманғы мектеп қажет болатын болашақ мұғалімнің шығармашылық тұлғасын тек тиісті шығармашылық ортада қалыптастыруға болады.

Кілт сөздер: креативтілік, педагог, шығармашылық орта, тұлға, маман.

ФОРМИРОВАНИЕ КРЕАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье актуализируется важность развития креативности будущего учителя как профессионально-личностного качества, определяющего конкурентоспособность будущего педагога, его готовность к освоению инноваций, к изменениям в системе образования и социуме. Творческую личность будущего педагога, в которой так нуждается современная школа, можно сформировать только в соответствующей творческой среде, окружающей будущего специалиста.

Ключевые слова: креативность, педагог, творческая среда, личность, специалист.

МРНТИ 14.07.07

Туребаева Б.З.¹, Имагамбетова А.А.²

^{1,2}*Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе,*

turebayeva.b.z@mail.ru

aliya.k.87@mail.ru

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ РОЛІ

Аңдатпа

Бүгінгі күнгі білім беру жүйесінде және оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер орын алуда. Жалпы орта білім берудің жалпы ұлттық деңгейдегі мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық, саяси өміріне белсенді араласуына дайын, еңбекқор тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты қазіргі таңда оқушылардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру маңызды орын алуда.

Сол себептен мақалада авторлар оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы туралы сөз қозғап, оқушылардың бойында адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мақсатында көптеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасады. Сондай-ақ, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің мәні, рөлі жан-жақты ашылып, адамгершілік, адамгершілік тәрбиесі ұғымдарына жан-жақты анықтама беріледі.

Кілт сөздер: адамгершілік; адамгершілік тәрбиесі; халық педагогикасы, тәрбие

Бүгінгі таңда Елбасымыз білім жүйесінің алдына, түсінігі кең бәсекеге қабілетті, Қазақстанды әлемге таныта білетін тұлғаны тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рол атқаратын мәселе мәдениетті, саналы ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Жастардың мәдениетін қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын ролі зор. Келешекте қоғам өміріне белсене қатысатын мәдениетті тұлға, білімге жастарды жоғары оқу орындарында шыңдап ұтқырлы болуына бағыт беріп отыруымыз қажет. Әрине білім қажет, шығыстың ұлы ғұлама ойшылы, ғалым, ұстаз *Әл-Фараби* айтқандай «білімнен бұрын тәрбие қажет, тәрбиесіз білім – тұл», - деп баа айтқан. Бүкіл азаматтың келешегі жастардың қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, қалай өсуіне, кемелденуіне байланысты [1].

Әлемдік рухани-мәдени құндылықтарды игеруді ұлттық озық мәдениет үлгілерін қастерлеуден бастау – ғылым мен білім, әр ұлттың рухани қазынасын адамзат игілігіне жарату, әдебиет пен өнер саласы, тілі мен діні, жалпы мәдениет атаулыда насихатталатын озық идеяларды оқу тәрбие жүйесінде басшылыққа ала отырып, оны жастардың жүрегіне ұялату, сөйтіп – ізгілік, имандылық, парасаттылық т.б. адами асыл қасиеттерді әрбір қоғам мүшесінің құрмет тұтуы білім мен тәрбие ісінің басты принципі.

Тәрбие туралы ғылым оның тарихи жеке бір аумағында ғана емес, қоғамдық даму процесімен, тәрбиенің қалыптасуымен, заңдылықтарымен толық байланыста болумен ерекше. Осы ретте адамгершілік тәрбиесінің өз алдына қалыптасу, даму тарихын, тарихты зерделей отырып қарастырсақ, ол әрбір дәуірдің өзі тудырған мәдениет, әдебиет өмірімен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Жалпы ұлттық тәрбие жөнінде Абай, Ыбырай және Шоқан мұраларының шоқтығы биік. Оларды рухани ұстазы санаған А.Байтұрсынов, Шәкәрім, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанова, С.Көбеев, Ш. Әлжанов және басқа зиялы қазақ қауымының өкілдері ұрпақ тәрбиесі жөнінде аз еңбек жазған жоқ. Қазақ зиялыларының педагогикалық тағылымдары жөнінде ғылыми-әдеби еңбектер жазып, зерттеулер жүргізген Г.Шаймерденова, А.Көбесов, Ш.Жұматаева, Қ.Ыбыраева, А.Құдиярова, Ф.Бұланова, Р.Көшенова, К.Құламбаева, Б.Күлшімбаева және басқа ғалымдардың еңбегін атап өтуге болады.

Осы ғұлама ақындарымыздың бірі *Абай Құнанбаев* адамгершілік тәрбиесін ерекше дәріптеген болатын.

Абай жазған рухани мұралар дүниесі оның әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер ойшыл, адамзатты адалдыққа, шыншылдыққа, игілікті істерге шақырған, өз халқын, елін, жерін сүйген ұлы ақын екендігін танытады.

Адамгершілік – бұл біздің сөздік қорымыздағы жай айтылған сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір қастерлі ұғым. Осы бір аяулы ұғым Абай

шығармашылығында айрықша орын алды. Ағартушы шығармашылығының алтын дінгегі адамгершілік тақырыбы екендігіне ешкімнің таласы жоқ деп білеміз.

Қазіргі кездегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы анықталады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылданду, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мектеп, қоғам және құрбы-құрдастары мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады.

Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т. б. қалыптасады.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен [2].

Қазақ зиялысы М.Жұмабаевтың: «Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қалай исең, өскенде сол иген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың», - деген пікірі ұрпақ тәрбиесімен айналысатын педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктейді [3]. Баланың жеке басының рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру тәрбиенің нәтижесі екендігі бәрімізге белгілі.

Атақты орыс педагогы Я.А.Коменскийдің «тәрбиені мойындамау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттік және бүкіл әлемнің құруы» деген пікірі әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған [4]. Олай болса тәрбие ауадай қажет. Жас ұрпақ тәрбиесі өзінің маңызын жоғалтпай керісінше бүгінгі күні көкейкесті мәселе болып отыр. Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, ажырамайтын баға жетпес құндылық.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы

ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

«Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...» «Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың; Басыңды бұлт, алса, Іздеп таба алмайсың» - деген мақалдардан байқауға болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің негізгі арқауы. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған үлкенді сыйлау адамгершіліктің негізгі белгісі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Еңбек тәрбиесі секілді адамгершілік ұғымы да- мәңгілік. Оның ескіруі де мүмкін емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Атақты педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Яғни, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасына бәсекеге қабілетті болуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ..

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы

бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, жалпы білім беретін мектептерде үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде халық педагогикасының маңызы зор. Қазақтар өмір сүру барысында жас ұрпақты тәрбиелеудің өресі кең, бай тәжірибесін жасаған халық. Оған халық өмірінде ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан халықтық тәрбиенің мазмұнынан ерекше орын алатын салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды, көптеген тәрбиенің құралдарын, әдіс-тәсілдерін жатқызуға болады. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени қоғамдық өмір сүруі барысында *дене, ақыл-ой, еңбек, адамгершілік, имандылық* тәрбиесі жөнінде өзіндік ерекшелікке ие көптеген ұғым-түсініктері, іскерлік, дағдылары қалыптасты.

Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады.

Белгілі ғалым Г.Р.Бахтиярованың тұжырымы бойынша «*Қазақ халық педагогикасы* – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан халқымыздың тәртіп нормалары мен құндылық бағдарларның, көрнекті тұлғалардың рухани қызметтерінің нәтижесі мен тұтас білімдері жүйесінің, халық өміріндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жиынтығын құрайтын педагогикалық тәжірибенің (эмперикалық білім, білік, дағды) ажырамас бөлігі, халықтың тұтас рухани қазынасы» [5, 194б.]. Бізде автордың пікірімен толық келісеміз себебі жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мақал-мәтелдерін, жаңылтпаштарын, жұмбақтарын қолдану орынды. Ал, мұның бәрі халық педагогикасының ең құнды туындылары.

Қорытындылай келе, міне, ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, елін, жерін сүйетін ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде адамгершілік тәрбиесін бағыттауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мейірманқұлова Т. Отбасы және тәрбие /Т. Мейірманқұлова //Ұлт тағылымы.-2001.-

№7.Б.3-6

2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека: (Этика коммунистического воспитания).-М.:Педагогика, 1990. – 288 с.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
4. Коменский Я.А. Избр.пед.соч. – Москва: АПН РСФСР, 1982. – 570 с.
5. Г.Р.Бахтиярова. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2012. – 372 б.

РОЛЬ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Сегодня происходят изменения и в системе образования, и в его содержании, и в технологии обучения. Цель среднего общего образования на общенациональном уровне – формирование трудолюбивой личности, готовой к активному участию в социальной, экономической, общественной, политической жизни Республики Казахстан. В связи с этим в настоящее время важное место занимает формирование нравственного воспитания учащихся.

Поэтому в статье авторы говорили о значении нравственного воспитания учащихся, проанализировали труды многих ученых с целью формирования нравственного воспитания у учащихся. Также всесторонне раскрывается сущность, роль нравственного воспитания учащихся, дается развернутое определение понятий нравственность, нравственное воспитание.

Ключевые слова: нравственность; нравственное воспитание; народная педагогика, воспитание

THE ROLE OF MORAL EDUCATION IN THE FORMATION OF PERSONALITY

Annotation

Today there are changes in the education system, in its content, and in the technology of training. The goal of General secondary education at the national level is to form a hard-working person who is ready to actively participate in the social, economic, social and political life of the Republic of Kazakhstan. In this regard, currently an important place is occupied by the formation of moral education of students.

Therefore, in the article, the authors talked about the importance of moral education of students, analyzed the works of many scientists in order to form moral education in students. It also comprehensively reveals the essence and role of moral education of students, gives a detailed definition of the concepts of morality, moral education.

Keyword: morality; moral education; folk pedagogy, education

МРНТИ 14.07.07

Изтлеуова С.Ш.¹, Демеуов Ә.Ш.²

^{1,2}*Баишев университеті, Ақтөбе, Қазақстан
samanta.iztleuova@mail.ru*

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі таңда ЖОО білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Болашақ педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.

Кілт сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі» деп көрсетілсе, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген [1].

Құзыреттілік түсінігі кең мағынада білім мен практикалық іскерлікті, сонымен бірге, ерекше қабілеттерді, ал оның ішінде сол қызмет аумағындағы психологиялық белгілер мен тәртіп ерекшеліктерін қарастырады. Құзыреттіліктер - адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері.

Коммуникативті құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым – қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Болашақ педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі педагогтың жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, бағдарлана білу, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылықпен шешім таба білу қабілеті.

Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педогогика және психология, конфликтология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі).
- коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

- эмпатияға қабілетті болу (түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу, психотерапияны сөзбен орындай алу).

- өзіндік бақылауға қабілеттілігі (көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттей алу іскерлігі, әңгімелесушіні модельдей алу, дау-жанжал ситуацияларында өнімді жауап беру тәсілдерін табу, жағымды психологиялық климатты тудыру, субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу);

- вербальды және вербальды емес қарым –қатынас мәдениеті (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педогогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

Жалпы алғанда коммуникативтік құзіреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;

- әдептілік ережелеріне сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;

- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;

- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілікті құрайтын компоненттер бірлігі, төменде көрсетілген бағыттармен қамтамасыз етеді:

1. Коммуникативті шеберлікті дамыту (тілдік білім мен машықтардың дамуымен қатар), атап айтсақ:

- жеңіл, әртүрлі жанрдағы текстерді оқу және түсіну қабілеті;

- қатынастың оқу-еңбек, тұрмыстық, мәдени салаларында диалогтық қатынасты ауызша іске асыра алу қабілеті;

- өзі, қоршаған орта туралы және оқыған материалды тікелей текстке сүйенбей қысқаша монолог ретінде айта білу қабілеті;

- жеңіл ақпаратты жазбаша жаза білу қабілеті, көбінесе, хат жазу.

2. Жалпы білім және арнайы білім қабілеттерін дамыту (кітаппен, оқу құралымен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасай білу, аудармаларды қолдану қабілеті).

3. Компенсаторлық қабілеттердің дамуы (тілдік құралдар жетіспей жатқан жағдайда, перифраза, синонимдік сөздерді қолдану арқылы қиындықтан шыға білу шеберлігі).

4. Студенттердің мәдениет жетістіктеріне және сол мәдениетті танып-білу үдерісіне жеке көзқарастарын дамыту арқылы тәрбиелеу, оларда төмендегілерді қалыптастыруды ұйғарады:

- моральдық құндылықтар жүйесі;

- дүниеге эмоционалды, бағалау көзқарасымен қарау;

5. Студенттердің шығармашылық, ізденушілік үдерісінде дамуы, кез-келген өзгерістерді өзінікіндей қабылдау:

- тілдік жорамал механизмі және білім мен қабілеттерді жаңа ситуацияға ауыстыра білу шеберлігі;

- тілдік, интеллектуалдық және танымдық қабілеттері;

- сезім мен эмоцияның құнды бағдарлары;

- жалпыадамзаттық мәдениет дамуында ұлттық мәдениетінің жетістіктері туралы, туған тілінің, мәдениетінің рөлі туралы болжау.

Студенттерге оқыту процесінде тілдік қарым – қатынасқа негізделген өзіндік жұмыстарды (ауызша баяндамалар, жоба қорғау, эссе жазу, презентациялар, көркем

әдебиеттен мысал келтіру, т.б.) және рольдік ойындар мен педагогикалық жағдаяттарды, өз ойын жеткізуге бағытталған тапсырмаларды көптеп қолдану коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары болып табылады.

Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Алғашқы кәсіби қызметтеріне кірісіп, маман ретіндегі сөздік қорлары дамиды және кәсіби қарым – қатынасқа түсу шеберлігі артады.

Сонымен, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, бұл өз алдына эмоционалдық байланыстардың, тұлғааралық құндылықтардың, топтық нормалары мен топтық құндылықтардың пайда болуына әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. –Астана, 2007.
- 2.Новикова Г.П. Формирование профессиональной компетентности педагога. М., 2010.
- 3.Соколова В.В. Культура речи и культура общения. – М.: Просвещение, 1995. – 192 с.
- 4.Михальская А.К. Педагогическая риторика. История и теория. – М.: Академия, 1998. – 432 с.

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В настоящее время одной из актуальных проблем является формирование коммуникативной компетентности обучающихся вуза. Коммуникативная компетентность будущего педагога-профессиональная интегративная черта, к основным частям которой относятся эмоциональная устойчивость (связанная с гибкостью); экстраверсия (демонстрирующая заданный уровень и действенное лидерство); возможность сочетания прямой и обратной связи; языковые знания; умение слушать; Умение награждать; вежливость; общительность.

Ключевые слова: компетентность, коммуникативная компетентность

FORMATION OF STUDENTS COMMUNICATIVE COMPETENCE

Annotation

Currently, one of the most pressing issues is the formation of communicative competence of university students. Communicative competence of the future teacher is a professional integrative quality, the main components of which are emotional stability (associated with flexibility); extroversion (indicates the level of assignment and effective leadership); the ability to combine direct and return communication; language knowledge; the ability to listen; the ability to reward; politeness; general ability.

Key words: competence, communication competence

МРНТИ 14.35.07

Альситова А.Б.¹, Сұлтан Ж.И.²
^{1,2}Баишев Университет, Қазақстан, г.Ақтобе**ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ****Аннотация**

В статье рассматривается феномен «профессионально-ценностные ориентации». Понятие определяется как интегративное личностное образование, включающее когнитивный (ценности-знания), эмоционально-оценочный (ценности-отношения) и деятельно-поведенческий (ценности-качества) компоненты, которые регулируют педагогическое взаимодействие, поступки и поведение личности.

Ключевые слова: ценности, ценностные ориентации, структурные компоненты профессионально-ценностных ориентаций.

В современных социально-экономических условиях, когда рыночной экономике требуются социально мобильные, способные к реализации своих возможностей специалисты, происходит глубокое реформирование образования.

Развивающемуся обществу нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозировать их возможные последствия; способные к сотрудничеству, отличающиеся мобильностью, динамизмом, конструктивностью, а также обладающие развитым чувством ответственности за судьбу страны, подрастающего поколения. Перед учебными заведениями поставлена задача - формировать у будущих учителей ценности, отвечающие требованиям времени.

Среди многочисленных факторов успешного развития профессионально-личностного потенциала будущего учителя одно из главных мест занимают его ценностные ориентации. Служа связующим звеном между личностью и средой, активизируя внутренние механизмы деятельности, последние не просто нацеливают на познание педагогического мира с учетом практических задач, но *определяют* как деятельность будущего учителя в целом, так и конкретные способы освоения и использования значимых педагогических ценностей.

Достаточно полно разработанные в современной науке проблемы собственно ценностей и ценностных ориентаций личности нашли свое отражение в работах известных отечественных философов (С. Ф. Анисимов, В. А. Блюмкин, В. А. Василенко, Н. З. Чавчавадзе), социологов (В. В. Ольшанский, В. А. Ядов), психологов (К. А. Абульханова-Славская, И. В. Дубровина, Т. В. Корнилова, Д. Н. Узнадзе), педагогов (Т. К. Ахаян, З. И. Васильева, М. Е. Дуранов, И. Ф. Исаев, М. Г. Казакина, А. В. Кирьякова, В. А. Слостенин).

Непосредственно проблемами педагогических ценностей и профессионально-ценностных ориентаций педагогов и будущих учителей занимались Н. П. Анисеева, А. М. Булынин, Н. Ю. Гузева, Л. Г. Десфонтейнес, И. Ф. Исаев, Л. Х. Магамадова, Н. С. Розов, В. А. Слостенин, Дж. Хазард, Е. Н. Шиянов и др. Существенные результаты в поиске новых подходов к подготовке будущего учителя получены в исследованиях Г. В. Абросимовой, В. И. Андреева, Е. Г. Белозерцева, А. А. Вербицкого, Б. С. Гершунского, А. А. Глушко, С. А. Днепров, М. Е. Дуранова, В. И. Загвязинского, А. Я. Найна, В. Г. Рындак, А. Н. Ходусова, Н. М. Яковлевой и др. В этих работах особое внимание уделено профессионально-педагогической подготовке с учетом условий, актуализирующих субъективную позицию студентов, их ценностные ориентации.

п/п	Научные разработки	Авторы
1	Сущность и функции общечеловеческих ценностей	С. Г. Дробницкий, А. Г. Здравомыслов, Н. С. Розов, Л. Н. Столович
2	Сущность, содержание и функции ценностных ориентаций личности	М. Г. Казакина, Е. А. Подольская, З. И. Файнбург
3	Система ценностных ориентаций школьников, педагогические закономерности, механизмы и условия ориентации личности в мире ценностей	И. В. Дубровина, А. В. Зосимовский
4	Личностно-ценностный подход в образовании	В. А. Беликов, Е. В. Бондаревская, С. Г. Вершловский, Р. Р. Насретдинова, В. В. Сериков

Таблица 1. Разработки в современной науке проблемы собственно ценностей и ценностных ориентаций

В исследованиях О. А. Абдуллиной, С. Г. Вершловского, Ф. Н. Гоноболина, А. В. Даринского, В. И. Загвязинского, И. Ф. Исаева, Н. В. Кузьминой, В. А. Слостенина, Л. Ф. Спирина, Е. Н. Шиянова, А. И. Щербакова раскрываются общетеоретические аспекты проблемы профессионального становления личности будущего учителя, обосновываются цели, задачи, содержание и структура высшего педагогического образования, анализируются закономерности, механизмы и условия организации профессионально- педагогической подготовки [1].

С.Г.Вершловский и Дж.Хазард, исследуя ценностные ориентации российских и американских педагогов, выделили следующие группы педагогических ценностей:

1. ценности, раскрывающие профессиональный статус педагога;
2. ценности, показывающие степень вовлеченности личности в педагогическую профессию;
3. ценности, отражающие цели педагогической деятельности.

Как видим, основой выделения педагогических ценностей для авторов послужила удовлетворенность работой и возможность самореализации в профессиональной деятельности, однако это, на наш взгляд, не отражает всего многообразия педагогических ценностей [2]

Е.Н.Шиянов [3,4], положив в основу классификации материальные, духовные и общественные потребности учителя, которые служат ориентирами его социальной и профессиональной активности, предложил следующее разделение педагогических ценностей:

1. ценности, связанные с утверждением личности в социальной и профессиональной среде: общественная значимость труда учителя, престижность педагогической деятельности, признание профессии ближайшим окружением и т.п.

2. ценности, удовлетворяющие потребность учителя в общении: общение с детьми, коллегами, референтными людьми; переживание детской любви и привязанности; обмен духовными ценностями;

3. ценности, связанные с развитием творческой индивидуальности: возможности развития профессионально-творческих способностей; приобщение к мировой культуре; занятие любимым предметом, постоянное самосовершенствование;

4. ценности, позволяющие осуществлять самореализацию: творческий характер труда учителя, романтичность и увлекательность педагогической профессии;

5. ценности, связанные с удовлетворением утилитарно-прагматических потребностей: возможность получения гарантированной государственной службы, оплата труда и длительность отпуска и т.п. [3,4]

Н.Ю.Гузева, рассматривая проблему формирования профессионально-значимых ориентаций будущего учителя в условиях педагогического колледжа, выделяет три группы педагогических ценностей:

1. ценности, связанные с условиями профессиональной деятельности: «свобода» в педагогическом процессе; постоянное общение с людьми; подробно расписанный трудовой процесс; гуманистический характер профессии; постоянное самосовершенствование; знание своего предмета; уважение и благодарность людей; творческий характер труда.

2. ценности, связанные с личностно-мотивационной сферой учителя: наличие перспективы профессионального роста; продолжение семейных традиций; соответствие профессии склонностям, интересам; желание быть в центре внимания людей;

3. ценности, отражающие управленческие аспекты образовательной деятельности: возможность воздействовать на поведение других людей и направлять его; любовь – взаимоотношение учителя и ученика; возможность передать свое мастерство, знания [5]

Понятие «профессионально-ценностные ориентации» можно рассматривать как систему отношений личности к особенностям профессии, отражающим содержательную сторону, основу и сущность профессиональной деятельности. Они определяют её цели и средства, и регулируют поведение личности в деятельности. Специфика ценностных ориентаций педагога раскрыта в исследованиях В.А. Слостёнина, который понятие «профессионально-ценностные ориентации», трактует как систему устойчивых избирательных отношений учителя к наиболее значимым аспектам профессиональной деятельности, формирующихся на основе широкого спектра всех духовных отношений личности [6]. Профессионально-ценностные ориентации учителя – интегративное личностное образование, включающее когнитивный (ценности-знания), эмоционально-оценочный (ценности-отношения) и деятельно-поведенческий (ценности-качества) компоненты, которые регулируют педагогическое взаимодействие, поступки и поведение личности.

Когнитивный компонент профессионально-ценностных ориентаций будущего учителя является содержательной основой его аксиосферы. Данные компонент включают идеи, закономерности, принципы, присвоение которых позволяет определить отношение педагога к окружающей действительности, педагогической системе и человеку как главной составляющей этой системы.

Эмоционально-оценочный компонент профессионально-ценностных ориентаций будущего учителя характеризует содержание, качество, динамику эмоций и чувств будущих педагогов по отношению к профессии.

Деятельностно-поведенческий компонент профессионально-ценностных ориентаций студента педагогического вуза отражает практический, действенный, регулятивный характер профессиональных ориентаций личности. Таким образом, профессионально-ценностные ориентации выступают одним из ведущих показателей профессионального становления будущего учителя, поскольку:

1) служат связующим звеном между личностью (будущим учителем) и средой (будущей профессиональной деятельностью, системой подготовки к ней), активизируя внутренний потенциал личности;

2) стимулируют профессионально-личностное развитие будущего учителя;

3) способствуют ценностному отбору объектов познания (педагогических ценностей), выявлению способов их освоения и использования при решении конкретных педагогических задач. Процесс формирования профессионально-ценностных ориентаций студентов

продолжается последовательно на протяжении всего времени обучения в вузе. [7] Особая роль в этом процессе отводится предметам профилирующего цикла.



Схема 1. Последовательность формирования профессионально-ценностных ориентаций студентов вуза.

Таким образом, к настоящему времени в современной науке накоплено значительное количество материалов, очевидно связанных с проблемой формирования у будущих учителей профессионально-ценностных ориентаций.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Слободнюк Е.Г. Профессионально-ценностные ориентации как фактор становления личности будущего учителя : Автореф. дис.канд. пед. наук. — Магнитогорск. , 2000. — 192 с.
- 2.Волченко Л. Б. Гуманность, деликатность, вежливость и этикет. — М. , 1992. —С. 23.
- 3.Шиянов Е. Н. Гуманизация педагогического образования: состояние и перспективы. — М., Ставрополь, 1991.
- 3.Шиянов Е. И. Формирование мотивационно-ценностного отношения студентов к педагогической деятельности: Автореф. дис. канд. пед. наук. — М. ,1987. — 17 с.
- 4.Гузева Н. Ю. Формирование профессионально-значимых ориентаций будущего учителя в условиях педколледжа: Дисс.канд. пед. наук, Оренбург, 1998. — 166 с.
- 5.Сластёнин, В.А., Чижаква, Г.И. Введение в педагогическую аксиологию. – Москва.: «Академия», 2003. – 186 с.
- 6.Тимашкова Л.Н., Долгова М.В. Формирование профессионально-ценностных ориентаций будущих педагогов. материалы Республиканской научно-практической конференции, Минск: БГПУ, 2013. – 440 с.;С. 353–356.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛИМДЕРДІҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада «кәсіби құндылық бағдарлар» феномені қарастырылады. Тұжырымдама тұлғаның педагогикалық өзара әрекетін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттейтін танымдық (құндылықтар-білім), эмоционалды - бағалау (құндылықтар-қатынастар) және белсенді мінез-құлқ (құндылықтар-қасиеттер) компоненттерін қамтитын интегративті жеке білім ретінде анықталады.

Кілт сөздер: құндылықтар, құндылық бағдарлары, кәсіби құндылық бағдарларының құрылымдық компоненттері.

THEORETICAL ASPECTS OF FORMATION OF PROFESSIONAL AND VALUE ORIENTATIONS OF FUTURE TEACHERS

Annotation

The article deals with the phenomenon of "professional-value orientations". The concept is defined as an integrative personal education that includes cognitive (values-knowledge), emotional-evaluative (values-relationships) and activity - behavioral (values-qualities) components that regulate pedagogical interaction, actions and behavior of the individual.

Keywords: values, value orientations, structural components of professional value orientations.

МРНТИ 14.23

Жәнібек А. Қ.¹, Жумаганбетова Б. Т.²
^{1,2}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫҰШІН ЗАТТЫҚ-ДАМУЫШЫЛЫҚ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі – мүмкіндігі шектеулі баланы шығармашылық қасиеті танымға тікелей байланысты әлемнің тұтас бейнесін қабылдауға қабілетті адамға айналдыру. Сондықтан балалардың шығармашылық қабілеттерін білім негізінде дамыту қажет. Нәтижесінде, интеллектуалды, креативті, білімді ұрпақты оқыту психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің маңызды мәселелерінің бірі екеніне көз жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі шақ адамның даму негіздері қаланатын және шығармашылық дағдылары қалыптасатын кезең деп есептелінеді. Жеке тұлғаның дамуының бұл кезеңінде байқалған немесе пайда болған кез келген бір ғана дағды, басқа да дағдылардың қалаптасып, дамуына зор әсер етеді. Міне сондықтан да, әрекеттің алуан түрінде мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің жеке тұлғалық шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету бала дамуының маңызды талаптарының бірі.

Мектепке дейінгі жастағы баланы жеке тұлға ретінде дамыту әрбір бүлдіршінде өмірлік мақсат туралы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогиканың негізгі міндетінің бірі болып табылады. Мектепке дейінгі шақтағы бөбек өзін қоршаған ортаның бейнесін жасап алып, ол бейнені шындықпен салыстырады, одан кейін оны өзінің елестетуіне сәйкес қайта жетілдіреді екен [1].

Балабақшаның басты міндеттердің бірі – тәрбиеленушіге шығармашылық дағдыларын көрсетуге, дүниенің бейнесін қайта құрудың жолдары мен өнердің тілін үйренуге, танымдық-

эстетикалық және мәдени-коммуникативтік керектілікті ықтиярлық таңдауды жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін әлеуметтік-мәдени және заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру болып табылады [2].

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны модельдеудің маңызы – бүлдіршіндердің бір-бірімен байланысты іс-әрекеттеріне, ұжымдық, яғни бірлесіп игерулеріне жағдай жасауында болып табылады. Бұл ортаның ерекшелігі – мәдени-танымдық дамуы әжептәуір жоғары деңгейдегі бүлдіршіндер болса, олар өз шығармашылық дағдыларын дамыту арқылы әр түрлі бейнелерді түрлендіріп орындай алатын болады.

Ал, тәрбиешінің міндеті – тәрбиеленушінің еліктеуге ептілігіне сүйеніп, оларға шығармашылық әрекетке керекті дағдыларды және біліктерді қалыптастыру, тәуелсіздікті, осыған дейін алған білімдері мен біліктерін өмірде тиімді пайдалануға тәрбиелеу, сын тұрғысынан ойлауды, бастамашылдықты немесе табандылықты қалыптастыру.

Балабақшада тәрбиеленушіні дамыту ортасы – мектепке дейінгі білім берудің негізгі компоненті болып табылады. Балабақшадағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастырудың маңызды талабы балалар арасындағы өзара іс-әрекеттерді орындайды:

- мектеп жасына дейінгі балалардың арман-тілектерін және мұқтаждықтарын сыйлау, мәселен, бос орын мен уақытын, зерттеу еркіндігін дәлелдеуді мақсат етеді. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің өз бетінше эксперимент жүргізуін және ізденіс белсенділігін қайта дамыту қажет, балаларды өмірде қолдануға тиімді іс-әрекетке, шығармашылық дағдыға, өзін көрсетуге талпындыру,

- мектепке дейінгі жастағы балалардың пікірлері мен жеке принциптерін сыйлау немесе қадірлеу. Мысалы: жеке қолайлы, жағымды атмосферасын қалыптастыру қажет. Өзара түсінушілік қарым-қатынас, тәрбиеленушінің жеке пікіріне көңіл бөлу, үлкендер өздерін мектепке дейінгі жастағы бөбектің орнына қоя білуі секілді қарым-қатынас әдіс-тәсілдерін немесе жолдарын анықтаушы рөлін атқаруы тиіс;

- балабақшадағы орта отбасындағы ортамен байланыстарын зерттегенде, бүлдіршіннің танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен дамытуды, баланың еріктік сапаларын, эмоцияларын және сезімдерін қанағаттандыратындай, екпінді түрде жетілген болуы қажет. Себебі, бұл балабақшадағы бөбектерге өздерінің ынталары мен қалауларына үйлесімді бір мерзімде бір-бәріне тосқауыл болмай, іс-қимылдың барлық түрімен шұғылдануға мүмкіншілік тудырады;

- адамзаттың қажеттілігіне байланысты бүлдіршіннің құштарлық көрсетуі;

- балабақшадағы бала қажеттілігінің әр түрлілігі балаларды қамтамасыз ету үшін іс-қимылдың әр қилылығын ұйымдастыруға уәж болады [3].

Балабақшадағы балдырғандарға сай іс-қимыл түрлері: қарым-қатынас, заттық әрекет пен көркем әрекет, ойын мен еңбек іс-әрекеттеріне және де оқу мазмұны бай тәрбиелік әрекеттерден тұрады.

Үш жастағы бөбектерге әжептәуір үлкендеу орта керек. Себебі, бұл жастағы сәбилер көбіне еденде өте белсенді ойнайды, сәбилердің қасында міндетті түрде сен түрлі де, онымен бірге жас ерекшелігіне сай ойыншықтар тұруы шарт. Сәбилер үші өте тиімді жердің биіктігі 75-100 см еденнен үстінгі қабырғалар және еденнің өзі деп есептелінеді.

Ал төрт жастағы бөбектер үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны басып қосатын, дыбыс шығаратын, қозғалатын белсенді ойыншықтардың болуы абзал деп ойлаймын.

Бес жастағы балалар үшін шағын ғана топтардың оқушаулануына немесе бөлектенуіне кеңістік үлестіру, белгілі бір шекарада өздерінің ойыншықтар ғаламын ұйымдастыру тән [4].

Мысалы, балабақшадағы ортаңғы топ тәрбиеленушілер екі-үш бүлдіршіннен тұратын кішкене топтар үшін оқшаулану аймақтарын белсенді түрде пайдаланады.

Енді, балабақшадағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мүмкіншіліктерін ескеріп, шығармашылық дағдыларын қалыптастырудың міндеттерін топтастырайық.

Балалардың шығармашылық дағдаларын қалыптастыру міндеттерін төрт топқа бөледі. Олар: Алғашқы топқа – қабылдау, айналадағы ақиқат кескіндері, эмоция, сезім, құштарлық, талғам, қатынас, мақсаттарын қорын ұйымдастыруға арналған шаралар кіреді.

Келесі, екінші топтың міндеттері тәрбиеленушілердің сана-сезімінің бөліктерін қалыптастыру болып табылады. Ал, бұл міндеттің орындалуы үшін тәрбиеленушілерді айналаға деген дұрыс қарым-қатынастан және де сұлулықты сезінуден тұратын, көркемдікті немесе тұрпатсыздықты, ойнақты немесе мұнды дұрыс нақтыланудың сан түрлі үлгілерін үйрету қажет.

Енді, жоғарында айтылған көп түрлі үлгілерге мысал келтірейік. Оларды ғылымда көбіне «эталон» деп атайды. Эталондарға: сенсорлық (нәрселердің қасиеті мен сапасы, көлемі мен формасы, түсі, үндері немесе дыбыстары), эмоционалдық (көгілді, қасірет, реніш, көңілсіз, таңырқау немесе тамсану, күйзеліс), өнертану (өнерт түрлері мен жанырлары, мәнерлілік мүмкіндіктері, бірнеше әлемдік және отандық суретшілер мен композиторлардың есімдерін жаттап, олар туралы хабардар болу), эстетикалық (сұлу, келбетті, қызықты, қржүрек) жатқызуға болады.

Міндеттердің үшінші тобы тәрбиеленушілерді жігерлі іс-қимылға баулуға жәрдемдеседі. Мәселен:

а) балалардың сұлулықты сезіну қабілетін жетілдіру;

ә) балалардың бойында орындаушылық әсем іс-қимылдың алғашқы танымдврын және дағдыларын қалыптастыру,

б) бөбектердің шығармашылық дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, сұлулықтың элементерін өмірде, яғни, қоршаған ортаға, өз көркіне, басқа адамдармен қарым қатынаста қолдану.

Балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру міндеттердің ең саңғы, яғни төртінші тобына – барлық бөбектің жалпы және жеке шығармашылық дағдаларын қалыптастыруға арналған міндеттер кіреді. Мәселен, жалпы дағдылар – бұл когнитивтік даму, эмоционалдық ширақтыққа, қабілеттілігі, шығармашылық қиялды жатқызады. Ал, жеке дағдыларға шығармашылық қиял мен көру сезімталдығы, кеңістік және түс қатынастарын толық және жеңіл қабылдау, көру есінің дұрыс жетілуі, ұсақ қол моторикасының дамуы, эмоционалды көңіл-күй қалыптастыратын эмоционалдық сезімталдықты жатқызуға болады.

Шын мәнінде, жоғарыда айтылған мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастырудың міндеттерін тек дұрыс ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамытушы ортада ғана шешуге болады екен. Қабылдауды, сезінуді, дамытуды, эстетикалық талғам негіздерін қалыптастыруға әсер ететін мектепке дейінгі ұйымның интерьерін, сонымен бірге ауласындағы заттар мен жер терімдерін, заттық орта, яғни, жиһаз, ойыншықтар, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен бос уақытта тәрбиеленушілердің көркем іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін түрлі заттармен немесе бұйымдармен әдемілеу немесе әшекейлеу.

Балабақшаның барлық жас топтарында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның бұрыштарын әдетілетудің өзгешіліктері немесе ерекшеліктері.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің шығармашылық дағдылары үшін балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің тәрбиеленушілерді тәуелсіз, яғни өз бетінше іс-қимвлын жетілдіру мен қалыптастыруға бере әсері мол. заттық-кеңістіктік дамытушы орының бұрышы тәрбиеленушілердің шығармашылық бағдылармен қалыптастырудық орталығы болуы үшін оның әдемілету мен жабдықтау жағдайын ескеру керек, мәселен:

- шығармашылық ортаның орналасуы: қол жетімділігі, эстетикалықғы, көп түрлілігі;

- әдемілету кезінде мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге сай дизайнді қолдану;

- безендіру барысында міндетті түрде ертегі, ойындар мен мультфильмдердегі

кейіпкердің суреттері кездесуі қажет;

- заттар мен бұйымдардың немесе материалдардың:көп түрлілігі, жас ерекшелігіне сай, қол жетімді болуы және де оны кейін сақтауға және өмірде қолдануға қолайлылығы;

- шығарашылық іс-әрекеттермен, яғни сурет салуда, мүсіндеудеу кезінде, жапсыру ісінде қолданылатын заттар немесе құрал-жабдықтар, сонымен бірге балалардың жұмыс орнын тазалау үшін қажетті шелек пен шүберек;

- сан алуан бояулармен жұмыс (түрлі көрнекі оқу құралдары мен дидактикалық ойындар)

- үлгілер (ойыншықтар, халық кәсіпшілігінің бұйымдар және т.б.);

- қол еңбегі бұрышы (маталардың, тігістердің, жіптердің, ленталардың үгілері, сан түрлі кесте кергіштер, әр түрлі түсті майлықтар және т.б бұйымдар) [5].

Тәрбиеленушілердің өнерге баулу, табиғат объектілерінің эстетикалық элементтер туралы білімдерін жетілдіру, әрі қарай үйренуге қызығушылықтарын, қоршаған орта сұлулығын сезіне білу қасиетін жетілдіру, ұйымдастырылған бейнелеу іс-әрекетіндегі бірінші техникалық дағдылары мен біліктері де дамиды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық топтарындағы жағдай тәрбиеленушілерге немен шұғылданатындарын өздеріне таңдауға мүмкіндік беруімен байланысты. Барлық топ бөлмелері көптеген орталықтарға жіктеледі, орталықтардың барлығында зерттеуге, одан алынған өнімді түрлі әрекеттер мен ойындарға қолдануға арналған заттар санының мол, яғни көп болуы шарт.

«Өнер» орталығы. Мектепке дейінгі мекемелердегі ұйымдастырылған бейнелеу іс-әрекеті негізінде тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру – өте ұзақ процесс болып табылады. Сонымен қатар, бұл процессті жүзеге асыру серпінді және бірізді оқытусыз мүмкін емес нәрсе[6].

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларының бірі – бейнелеу дағдыларын қалыптастырып, жетілдіру бойынша бүкіл істі екі кезеңге жіктейді. Олар:

Бірінші кезең үлкендер мен бөбектердің бірлескен іс-әрекеттің негізінде қалыптасады.

Алдымен, тәрбиеші дауыстап айтып, суреттің элементтерін салады. Ал, одан кейін суреттің сюжетін және элементтерін тәрбиеленушілер өздері әңгімелеп, түсіндіру қажет. Балалардың эмоционалдық қарым-қатынасы сурет салуға деген ынта-жігерін күшейтеді екен.


Балалардың бейнелеу іс-әрекеті дамуының осы бірінші кезеңінде олардың бойындағы сурет салуға деген қызығушылықтарын жетілдіруге арналған түрлі ойындар мен жаттығулар ұйымдастырылады. Мысалы: Бұл не нәрсеге ұқсайды?», «Ұқсас бұйымды тауып көр», «Сендер суреттен не байқадыңдар?» деген сияқты т.б. дидактикалық ойындарды ойнауға болады. Сонымен бірге, балалардың сенсорика және ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар да ұйымдастырылады. Мәселен: «сары түсті гуашьті басқа түстерге қос. Бояулардың қосындысынан қандай түс пайда болды?» секілді жаттығуларды жатқызуға болады.

Педагог тәрбиеленушілерді негізгі бояулардың реңтерімен таныстырады. Нәтижесінде, түрлі түстердің қосындысынан, мәселен, сары мен қызыл түсті бояулардың қосындысынан қызғылт сары түсті,



сары мен көкті түсті бояулардың қосындысынан жасыл түсіні,





ал көгілдір түсіні қою көк пен ақ түсінің қосындысынан, онымен бірге ақ түсті қызыл түспен қосып қызғылт түсті алуға болатынын үйренеді.

Тәрбиеленушілер өздері танысқан барлық түстерді салыстырып, соның ішінде қай түстің ең негізгі түстер екенін, сол негізгі түстердің қосылғаннан кейін шыққан түсті, сонымен қатар түстерді қандай мөлшерде қосу керектігін өздері түсіндіріп, нәтижесінде балалардың сөздік қолдары дамиды.

Бейнелеу іс-әрекеті дамуының екінші кезеңіне бейнелеу іс-әрекетінің дәстүрден тыс әдістері мен тәсілдері жатады. Яғни, екінші кезеңде тәрбиеленушілер саусақтармен және алақандарымен сурет салуды үйренетін болады[7].

Мектепке дейінгі ұйымдарда дәстүрден тыс сурет салуда көбіне гүлдер мен бұлттардың және түрлі-түсті балақтардың суреті салынады. Бейнелеу іс-әрекетін дамытудың бұл әдісі өте жеңіл және бүлдіршіндерге қазақты болып табылады. Балалар саусақтарын өз қалаулары бойынша әр түрлі бояуларға малып, ақ параққа саусақтарын бастырады, соның нәтижесінде бүлдіршіндерге өте-мөте қызықты «Көрікті гүлдер», «Көк аспан» және «Балықтар әлемі» сияқты т.б. тақырыптарда өзінше әдемі суреттер шығады.



Сонымен тәрбиеленушілер бояумен тиянақты жұмыс істеуді игергеннен кейін, ендігі кезекте алақанымен сурет салу өнерімен танысып, үйренетін болады. Алақанмен сурет салу әдісі саусақпен сурет салу әдісімен ұқсас келеді. Мәселен, балалар бояуды қылқаламмен алақандарына тұтастай жағып, параққа бастырып, өз алақандарының ізін қалдырады. Қағазға бастырып болғаннан кейін алақандарын бірден майлықпен сүрткендері абзал. Одан кейін ғана әжетханаға барып өолдарын сабындап жуулары қажет. Тәриеленушілер саусақпен және алақанмен сурет салу ережелерімен таныс болғаннан кейін, баладарға парафин майшамын қолданып, «сиқырлы парафин» деп аталатын ойынын ойнайды. Ойынның шарты: алдымен, ақ қағазға кез келген бір пішін салынады, сол пішінге балалар өз қалаулары бойынша түрлі жақпалар мен дақтарды жағып, одан кейін қағаздағы салынған барлық нәрселерді тағы да өз қалаулары бойынша бояумен бояп шығады. Нәтижесінде, таңғажайып көрініс пайда болады. Мысалы: ақ қағазда түрлі пішінді жапырақтар немесе қарлар, «алма ағаштары» немесе «қысқы орман» және т.б. суреттер шығады.



Онымен бірге, екінші кезеңде тәрбиеленушілер таңбалармен және трафареттермен де жұмыс жасау тәсілдермен танысатын болады. Олар балалардың ұсақ қол моторикасын жіне

пішін мен түстерді қабылдау сияқты дағдылардың жетілдіріп, дамытуда әсері өте зор. Мәселен, балалар алуан түрлі ағаштардың суреттерін басып шығарады. Сонымен қатар, отманды сен алуан жан-жануарлармен, әртүрлі құстармен, өсімдіктермен тез толтыруға үйренетін болады. Оған қоса, танымдық міндеттер де өз шешімдерін табады.

Сонымен, қорытындылай келе, бүлдіршіндер бейнелеу іс-әрекетінің екі кезеңінде әр түрлі бейнелеу құралдарымен танысып, олармен жұмыс істеуге үйренетін болады. Тәрбиеленушілер түрлі түсті бояулармен де, борлармен де, үйренеді. Онымен бірге, балалар көмекші құралдарды, атап айтқанда: таңбалар мен майшамдарды, поролонды тиімді қолдануға үйренеді.

Ескеретін жәйт: бейнелеу іс-әрекетінде қолданылатын құралдардың барлығында тәрбиеленушілер үшін қол жетімді деген жерде тұрғаны абзал, және де тәрбиеленушілер барлығы да сурет салуға пайдаланатын құралдарын өз қалауы бойынша таңдауы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. И. Савенков. «Одаренные дети в детском саду» Москва «Академ А» 2000 ж.
2. «Формирование готовности педагога к развитию творческих способностей детей дошкольного возраста», 2018 ж.
3. Художественное творчество и ребенок: монография / под ред. Н. А. Ветлугиной. - М.:Педагогика, 1972 ж.
4. Никитин Б. П. «Ступеньки творчества или развивающие игры» – М. Просвещение, 1990 ж.
5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту», 2013 ж. <http://yaneuch.ru>.
6. Доронова, Т.Н. Развитие детей от 3 до 5 лет в изобразительной деятельности. Т.Н. Доронова. - СПб.: Детство-ПРЕСС, 2002 ж.
7. Богоявленская, Д.Б. Психология творческих способностей: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений. / Д.Б. Богоявленская. - М.: Академия, 2002 ж.

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРЕДМЕТНО-РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Одним из главных требований сегодняшнего дня является превращение ребенка с ограниченными возможностями в личность, способную воспринимать целостную картину мира, творческое свойство которого имеет прямое отношение к познанию. Поэтому необходимо развивать творческие способности детей на основе познания. В результате можно убедиться, что обучение интеллектуальному, креативному, образованному поколению, является одной из важнейших проблем психолого-педагогической деятельности.

ORGANIZATION OF A SUBJECT-DEVELOPING ENVIRONMENT FOR THE DEVELOPMENT OF CREATIVE SKILLS OF PRESCHOOLERS

Annotation

One of the main requirements of today is the transformation of a child with disabilities into a person who is able to perceive a complete picture of the world, the creative property of which is directly related to cognition. Therefore, it is necessary to develop children's creative abilities based on knowledge. As a result, we can see that teaching the intellectual, creative, and educated generation is one of the most important problems of psychological and pedagogical activity.

МРНТИ 14.27

FORMS AND TYPES OF EXTRACURRICULAR WORK IN COMPUTER SCIENCE CLASSES

Shurakhanova K.Sh.

¹*Baishev University, Kazakhstan, Aktobe*

Annotation

The purpose of this article is to study the possibilities and functions of extracurricular activities for the formation of students' personality. Developing skills for developing extracurricular activities

Keywords Extracurricular activities, forms and types of extracurricular activities, conversation, dialogue, demonstration, role-playing, testing, speech development of students, independent work, project method

A modern teacher, the head of a club or sports section, or a teacher of additional education must be fluent in the main methodological techniques or methods of organizing extracurricular activities in pedagogical practice.

Interactive forms of extracurricular activities - forms of organizing a training session or extracurricular activity that involve increased mental work, physical, communicative activity, or rapid decision-making[1]. These forms include Express quizzes, brainstorming sessions, relay races, mini-contests, etc.

Conversation is a method of teaching and upbringing that involves a dialogue between the teacher and pupils mainly on the issues of the teacher. Conversation activates the mental work of pupils, supports attention and interest, develops speech: each question- a task that pupils solve. Types of conversations: preparatory, reporting, heuristic, reproducing, generalizing, repetitive. Conversations of various types can be combined, intersect, or interspersed depending on the micro-goal at a certain stage of the training session and extracurricular activities.

Heuristic conversation is used when the teacher does not tell the truth, but teaches to find it. Based on the analysis of facts and phenomena known to pupils, as well as independent observations, pupils come to a conclusion on the topic of new (cognitive) material[2].

A reproducing conversation is used to consolidate the material studied, as well as to repeat and justify the actions performed.

A communication conversation is used by the teacher in cases where new material cannot be obtained heuristically.

A generalizing conversation is usually held at the end of an academic session (extracurricular activity) and at the end of studying a major topic, section, or course.

Dialog - a type of oral speech (less often written), characterized by the change of statements of two or more speakers. Replicas (utterances) of speakers are related in meaning and form a single whole together, so a dialogue is a type of coherent speech or text. The situation, gesture, facial expressions, and intonation play an important role in the dialogue. The dialog is characterized by certain stylistic features: questions, exclamations, elliptical constructions, interjections and particles, addresses, etc.

Demonstration- methodical technique, showing tables, diagrams, models, pictures, slides, videos, TV shows, images projected on the screen using modern electronic and video equipment to all pupils in the classroom (extracurricular event).

Differentiated approach is a form of organizing pupils' work based on their Association, within the framework of the educational team, in small groups of interests, according to the level of

readiness, and in mixed groups - by national composition, by the degree of proficiency in Russian (foreign) language. Each group receives tasks of a different nature, varying degrees of difficulty. A differentiated approach allows you to pull up the Laggards within the framework of the adolescent team, to give each adolescent group (each individual) an opportunity for development. The division into groups is not permanent. Different creative groups can be created for different types of work.

Dosage of educational material. When organizing and conducting extracurricular activities, the teacher must consider the intensity of each stage of the lesson or event. This work helps to prevent overloading of pupils, fatigue, and provides optimal conditions for learning (cognitive) material.

Proof - a methodical technique that develops thinking and speech and consists in substantiating a statement with the help of other thoughts, statements that have already been proven or accepted without evidence (obvious or unprovable). Tasks with the sentence "prove" are widely used both in training sessions and during extracurricular activities.

Consolidation of knowledge, skills and abilities is a type of educational activity of pupils, organized and checked by the teacher, aimed at implementing the principle of strength of assimilation of educational (cognitive) material. Consolidation of knowledge is carried out by repeating new material in different versions and combinations, in a reconstructed form, with new examples, as well as by performing practical actions - exercises, practical tasks. Anchoring in a training session is usually carried out after explaining the new material.

Testing is a modern form of checking the assimilation of educational (theoretical) material, determining the psychological type of a teenager's personality, his inclinations and interests. Testing involves two methods of execution: computer version and a paper version. Teachers make short assignments on the studied topics or block of educational material, offer various solutions (answers), of which only one option is correct. Pupils are asked to indicate the correct answer either on sheets of paper or in the computer for a certain (limited) time.

A computer is a modern technical tool for learning, developing and searching information on the Internet, which is used in the following types:

- * development and use of computer programs by pupils that they use independently on personal computers or in computer classes;
- use of ready-made computer programs, educational games, testing;
- * control and self-control (knowledge and skills are checked);
- * communicate with friends from other regions and countries via the Internet, transfer information via email;
- * modeling and construction; generalization of the studied theoretical material, as well as reviewing and editing the written text;
- * analysis and selection of educational texts, necessary information and their evaluation according to certain criteria;
- * quantitative study of sounding speech or printed texts and other.

Repetition of educational (cognitive) material - returning to the previously studied material in the course of an educational session (extracurricular activity) in order to consolidate it, link it to new material, generalize and systematize the studied material. Repetition provides the strength of learning. Usually, the repetition is carried out on new examples, in a different order, using new methods of activity (preparation of summary tables, diagrams, reports and other).

Сондықтан да тәуекелділік жасауда бір негізге сүйену керек. Ол негіз алдын-ала алынған ақпарат мәліметтері болуға тиіс. Тәуекел – жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өмірі мен

денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтірудің ықтималдығы.

Тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган тексерулерді жоспарлау мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені.

Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері – жеке кәсіпкерлік субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, жеке кәсіпкерлік субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы.

Жалған кәсіпорын – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылуы және (немесе) оған басшылық етілуі соттың заңды күшіне енген үкімімен не қаулысымен жалған кәсіпкерлік деп танылған жеке кәсіпкерлік субъектісі. Жеке кәсіпкерлік субъектілері тәуекел дәрежесіне қарай жоғары, орташа не төмен тәуекел топтарына жатқызылады және олар үшін жоспарлы тексерулер жүргізудің:

– жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен;

– орташа тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен;

– төмен тәуекел дәрежесі кезінде – бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділігін айқындайды.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсету еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы қолдауды қолға алып, оны қалыпты жолға түсіру үшін Үкімет «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасын бекітті [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елшібаев Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. Оқу құралы. Алматы. Экономика. 2009.
2. Толкачев П.А. — Предпринимательство и феномен риска: организационные и социокультурные особенности определения риска в экономическом пространстве. // Социодинамика. – 2019. – № 8. – С. 22 - 36.
3. Валдайцев В. Антикризисное управление на основе инноваций. – СПб.: СПбГУ, – 231 с.
4. С. Пірназар. «Бизнестің жол картасы»: болашаққа бастайтын бағдар. Егемен Қазақстан. 502 (26346). 26 қараша, 2016ж

FEATURES OF RISK OF BUSINESS ENTITIES

Annotation

The article considers risk dependence on the successful implementation of decisions in the event of a deadlock in the economic and economic activities of business entities.

Keywords: risk, profit, entrepreneurship, enterprise income.

ОСОБЕННОСТИ РИСКА СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается зависимость от риска от успешной реализации решений при тупике в экономической хозяйственной деятельности субъектов предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: риск, прибыль, предпринимательство, прибыль предприятия.

МРНТИ 06.56.31

Баймукашева Ж.З.¹, Динисламов Д.А.²
^{1,2}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе
Zhanimgul@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді және жергілікті атқарушы органдардан тұрады. Ол мемлекеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады және Республика үшін біртұтас мемлекеттік қызмет принциптерін басшылыққа алады. Демек, жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің туындысы. Бұл жергілікті мемлекеттік басқару жалпы жергілікті ерекшеліктерді есепке алмайды және жергілікті проблемаларды шешпейді дегенді білдірмейді. ҚР – дағы жергілікті мемлекеттік басқару мемлекет тетігінің ерекше бөлшегі болып табылады және белгілі бір дербестікке ие болады. Бірақ дербестік жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдарда ұйымдық және құзыреттілік тұрғысынан өзіндік ерекшелікпен көрінеді.

Кілт сөздер: Жергілікті өзін-өзі басқару, тауар, саясат.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру тарихи, этникалық, географиялық және басқа жағдайларға байланысты объективтілік және субъективтілік факторлардың негізінде жүреді. Осы себепті мемлекеттерде жергілікті басқаруды ұйымдастырудың және тиісінше осы құбылысты заңдық реттеудің сан алуан түрлі практикасы бар.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы жергілікті органдардың жаңа үлгісін бекітті. Ол оларды жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқаруға бөлді. Жергілікті мемлекеттік басқаруға: жергілікті өкілді органдар, 2) жергілікті атқарушы органдар.

Жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті мемлекеттік басқарудан бөлінді.

Жергілікті өзін-өзі басқару – мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік аумақтық бөлік тұрғындарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі. ҚР Конституциясы «Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзі-өзі басқару» туралы бөлімінде 8 – бабында жергілікті өкілді органдардың сипатына, мақсатына және құрылу тәртібіне қатысты жалпы ережелер белгіленген. Осы бөлімнің 89 бабы бойынша «Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті тұрғындардың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғындардың тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ адамдар жинақы тұратын аумақты қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзі-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібі заңда көрсетілген шекте азаматтардың өздері белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен білгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі. Мемлекет олардың қызметін және олардың өкілеттілігінің шегін заңдылық деңгейінде тек жалпы шеңберде белгілейді. Басқа жағдайларда өзін-өзі басқару органдары мәселені дербес шешеді. Сондықтан жергілікті жерлерде мұндай органдардың құрылуы тек атауы бойынша ғана емес, бағыты, нысаны, қызмет тәртібі, кірістердің қосымша көздері, әкімдермен, мәслихаттармен өзара қатынас тәсілдері бойынша да әртүрлі болуы мүмкін.

Қазақстанда жергілікті басқарудың тиімді тәсілдерін қалыптастыру жолында бірқатар түбірлі өзгерістер жүзеге асырылып келеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар

және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын осы Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет; — жергілікті өзін-өзі басқару органдары — осы Заңға сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөніндегі функциялар жүктелген органдар;

— Жергілікті өзін-өзі басқару облыс, аудан, қала, қаладағы аудан, ауылдық (селолық) округ, ауылдық (селолық) округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл (село) шегінде жеке жүзеге асырылады.

— Жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті қоғамдастық мүшелері тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Облыстың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның, ауылдық (селолық) округтің, ауылдық (селолық) округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың (селоның) әкімі мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын да жүзеге асырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндеттері:

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

— Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;
— жалпымемлекеттік ішкі және сыртқы саясатқа, оның ішінде қаржылық және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

— бірыңғай еңбек нарығын, капиталды қалыптастыруға, тауарлар мен қызметтерді еркін алмасуға, Қазақстан Республикасының бірыңғай мәдени және ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы мен дамуына кедергі келтіретін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

— Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауға;

— қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпымемлекеттік стандарттарды сақтауға;

— жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

— өз қызметін жүзеге асыру кезінде жариялылық пен ашықтық, қоғамдық пікірді ескеру принциптерін ұстануға, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының отырыстарына еркін қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

— жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара қарым-қатынасы:

Мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайлар жасайды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыруына жәрдемдеседі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті қоғамдастық халқының алдында жауапты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. XXI ғасырдың басқару парадигмасы: ЖОО арналған оқу құралы / В. Н. Иванов, А. В. Иванов, А. О. Доронин. Т. 1. -М.: МГИУ, 2019. 178 б. ISBN 5-472-01281-3, 5-27600282-7
2. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №453-І Заңы 2003 жылғы 11 наурыздағы № 1393-ІІ ҚРЗ өзгерістерімен және толықтыруларымен, 2005 жылғы 8 шілдедегі №75 өзгерістерімен және толықтыруларымен

3. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары – ҚР Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген
4. «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы №821 қаулысымен бекітілген
5. 2011 – 2015 жылдарға арналған «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ҚР Президентінің 29 қараша 2010 жылғы №1113 Жарлығы бойынша бекітілген
6. «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы – ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурызындағы №316 қаулысымен бекітілген
7. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуір №301 қаулысымен бекітілген
8. ҚР ҰИИД 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 жарлығымен бекітілген
9. ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 жарлығымен бекітілген
10. ҚР 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы – ҚР Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 жарлығымен бекітілген

МЕСТНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В современных условиях государственное управление, имеющее своей главной задачей обеспечение согласованной, упорядоченной деятельности всех частей, составляющих нашу общественную организацию, представляет собой механизм исполнительной власти - одной из отраслей единой государственной власти. Этот механизм есть государственная администрация, практически реализующая исполнительную власть акиматами, в масштабе всей Республики Казахстан. В Конституции Республики Казахстан закреплены основные принципы организации и деятельности местного управления. Исполнительные органы практически администрируют, т.е. управляют экономической, социально-культурной и административно - политической сферами жизни, обеспечивая при этом исполнение, т.е. проведение в жизнь требований казахстанского законодательства.

Ключевые слова: Местное государственное управление, товар, политика.

LOCAL PUBLIC ADMINISTRATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation

Local public administration in the Republic of Kazakhstan consists of local representative and local executive bodies. It is an integral part of the state and is guided by the principles of a single public service for the Republic. Therefore, local public administration is a derivative of state power. This does not mean that local government generally does not take into account local specifics and does not solve local problems. The state control over the locality in the Republic of Kazakhstan is a special part of the state mechanism and acquires a certain independence. But independence is expressed in local representative bodies and local executive bodies in terms of organization and competence.

Keywords: Local Government, product, policy.

МРНТИ 06.56.25

Исатай И.¹, Калденова Г.С.², Иманбаева З.О.³

^{1,2,3}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе
kaldenova@mail.ru

ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ДАМУ ШАРАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада шағын және орта бизнесті қолдау, оны ынталандыру және дамыту мәселелері қарастырылған. Шағын және орта бизнес — мемлекеттің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ету оның жай-күйі мен даму деңгейіне байланысты болатын негізгі буын.

Шағын және орта бизнесті дамыту – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған шағын және орта кәсіпкерліксіз мемлекеттердің макроэкономикалық жағдайының тұрақтылығы туралы айту қиын. Осының салдарынан, тәуелсіздік таңында шағын және орта бизнес Қазақстанда экономиканың маңызды секторы ретінде айқындалды. Шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау әрқашан мемлекеттік саясаттың басымдығы болып табылады.

Қысқартылған сөздер: шағын және орта бизнес, жол картасы, микробизнес, субсидия, пандемия, банк секторы, қаржылық институт.

Шағын және орта кәсіпкерлік немесе бизнес – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Нақты сектор және сауда кәсіпорындары мен компаниялары Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі және тағы да басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді.

Кейінгі жылдары елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көбірек көңіл бөліне бастады. Шағын бизнестің дамуының бірден бір көзі банктік несиелер болып табылады.

Экономиканың нақты секторын және де сауда фирмаларын коммерциялық банктердің несиелеуі – ұлттық экономиканың өсуіне олардың қосқан үлесі, басқа жағынан қарағанда банктердің атқаратын өзінің қызметтері қаржылық сектордың, яғни экономиканың ажырамас бөлігі. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттерінің шаруашылық өмірі үшін пайдалы, әрі тиімді.

Бүгінгі таңда капиталды жұмсау бәсекесінің артуы көрініс табады. Отандық банктер қарыз алушылар үшін несиелерді алуды жеңілдеті бастады, несиелер беру процесі ықшамдалып, пайыздық ставкалардың төмендеу тенденциясы байқалуда. Сонымен қатар коммерциялық банктер ұзақ мерзімді несиелер бөліп отыр. Өйткені әдеттегі қысқа мерзімді, айналым капиталының толықтыру мақсатына бөлінген несиелер несиелік портфелінің көлемінің ауытқуына әсерін тигізеді.

Банктер өздерінің ішкі несиелік саясаттарына сай несиелік талдаудың әдістемесін жасап, оны маркетингтік жоспарға сәйкес несиелендіретін салалардағы кәсіпорындардың несиелік қабілеттіліктерін анықтауда қолдануы қажет.

Нақты жоба бойынша банктердің шағын бизнесті несиелеуге дайындығы, несиелеу механизмінің өзекті проблемаларына әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларын құрастырды. Банктердің шағын бизнеске несиелер ұсынуының тиімділігін арттыру, ынталылығын көтермелеу, Қазақстан экономикасының жағдайына сәйкестендіру механизмін жетілдіру бүгінгі күннің талабы.

Банк саласы Қазақстан Республикасы экономикасының дамушы саласының бірі болып табылады. Бүгінгі күні шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекет тарапынан түрлі жаңа қадамдар жасалынууда. Шағын және орта бизнестің жоғары деңгейде қызмет етуін

ұйымдастыру үшін конструктивтік бизнес-идея, тиімді басқару (менеджмент) және қаржының жеткілікті болуы шартты жағдай.

Осыған байланысты кейбір кәсіпкерлерде өз бизнесін ұйымдастыруына қажетті қаражаттың жетіспеушілік мәселесі туындап отыр. Әлемдік тәжірибеде мұндай мәселелер әр түрлі жолдармен шешіледі. Сондықтан, ақшалай қаражаттарға иелік ететін инвестициялық қорлар, банктер, мемлекет тәуекелге бел буып, жаңадан іс ұйымдастырушы кәсіпкерлермен біріге отырып, олардың тауарларды өндіру мен қызмет көрсетулерін қаржыландыруы керек. Бұл тұрғыда жеке инвесторлар үшін жоғары табыс алу мүмкіндігі тұрса, ал мемлекет үшін жұмыссыздық мәселесі шешіледі немесе жобаның әлеуметтік мәнін арттырудың мүмкіндігі туындайды.

Сондықтан, халық шаруашылығы саласындағы банк жүйесінің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі алатын орны ерекше.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді, әрі қажетті құралдарының бірі болып 2025 жылға дейін созылған «Бизнестің жол картасы — 2025» Мемлекеттік бағдарламасы табылады.

Бағдарлама мақсаты — қазіргі жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру, өңірлік кәсіпкерліктің ел экономикасының шикізаттық емес салаларындағы тұрақты әрі теңгерімді өсімін қамтамасыз ету.

Өткен жылы кәсіпкерлікті қолдау мақсатымен Үкіметтің «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларды несиелендіру Бағдарламасы жүзеге асырылып, бірқатар өзге мемлекеттік бағдарламалар жетілдірілді.

Ол бағдарламаларды жүзеге асыру аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекеттік қолдау шараларының негізгі қаржылық операторларының бірі ретінде әрекет етеді.

2019 жылы бизнесті құру және жүргізу жағдайларын жақсартуға және қазақстандықтардың кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға көп көңіл бөлінді. Әлемдік экономиканың қазіргі даму кезеңінде шағын және орта бизнес тиімді өсудің және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құрудың негізі болып табылады, оның нәтижесі халықтың әлауқатын мультипликациялық жақсартуға әсер етеді.

Қор микро-, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсететін негізгі ұлттық даму институты болып табылады. Қор 4 негізгі құралды ұсынады:

1. жеңілдікпен несие беру;
2. сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
3. несиелерді кепілдендіру;
4. онлайн оқыту және клиенттерді қаржы институттарына дейін сүйемелдеу.

Аталған қаржы құралдарын қолдана отырып Қор 5,3 трлн теңге несиелер сомасына 85 мың жобаға қолдау көрсетті.

2019 жылы барлық бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидиялауды алған жобалар саны 2 647 белгісіне дейін жетті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 87 %-ға өсіп, 269,8 млрд теңге несиелер сомасын құрады. Сондай-ақ несиелер сомасы 36 %-ға жоғарылады. Жалпы, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша барлығы 2,8 трлн теңгеге 15,5 мың жобаға қолдау көрсетілді.

2019 жылы барлық кепілдендіру бағдарламалары бойынша жобалар саны 2018 жылмен салыстырғанда 38 %-ға өсіп, 2 674-ке жетті. Несиелер сомасы 102,7 млрд теңгені құрады, ал кепілдіктер сомасы 40,4 млрд теңгеге жетті. Жалпы алғанда, кепілдендіру құралы бойынша бағдарламаны іске асыру кезеңінің ішінде 302 млрд теңгеге 8,6 мың жобаға қолдау көрсетілді.

2019 жылдың ішіндегі Ақтөбе облысының ШОК секторындағы негізгі өзгерістер:

- ✓ Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 4,3% жоғарылады, әрекеттегі ШОК субъектілерінің саны 8,6 % көбейді. Олардың үлесі 82,7%-дан 86,1%-ға дейін артты.
- ✓ Салалық құрылымда сауда субъектілері (35,0%), қызмет көрсету субъектілері (35,0%) және ауыл шаруашылығы субъектілері (12,0%) басым.
- ✓ ШОК-те жұмыс істейтін халық саны 7,4% жоғарылады. Жалпы жұмыспен қамтылған санындағы ШОК-те жұмыс істейтіндердің үлесі 33,3%-дан 35,8%-ға дейін өсті.
- ✓ ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағамен) 0,8% жоғарылады.
- ✓ ӨЖӨ құрамындағы ШОК ЖҚК үлесі 19,7%-дан 20,5%-ға дейін артты.
- ✓ Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығындары 59,2% азайды. Барлық кәсіпорындардың КТС бойынша жалпы шығындарындағы үлесі 11,2%-дан 4,3%-ға дейін төмендеді.
- ✓ Шағын кәсіпкерлікке кредиттер портфелі 6,9 % азайды. Оның экономикаға кредиттердің жалпы портфеліндегі үлесі 18,1 %-дан 14,6 %-ға дейін төмендеді.

Қазақстан Үкіметі қабылдаған 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсуді қалпына келтірудің кешенді жоспарында 164 шара бар, олар осы жылдың ішінде ЖІӨ серпінін қалпына келтіруді қамтамасыз етуге және экономиканы сапалы трансформациялау үшін жағдай жасауға тиіс.

Бұл жұмыстың маңызды бағыты микро, шағын және орта кәсіпкерлікті (МШОК) қолдау болып табылады, ол елдің ЖІӨ-нің 31,7% - ын береді. Бәйтерек "холдингінің еншілес ұйымы "Даму" КӘСІПкерлікті дамыту қоры" АҚ пандемия салдарын еңсеру кезеңінде МШОК-тың қолдауымен негізгі рөл атқарады.

Бизнесті қолдау мақсатында Үкімет дағдарысқа қарсы шаралар пакетін және экономикалық өсуді қалпына келтіру бойынша Кешенді жоспарды бекітті, оны іске асыру шеңберінде "Даму" Қоры мемлекеттік қолдау шараларының операторы ретінде бірнеше бағытта іске қосылды.

Біріншіден, бұл "БЖК-2025" бизнесті қолдау бағдарламасына бекітілген өзгерістерге сәйкес ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін банктерге өтінім берген экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы кәсіпкерлерді қолдау. Осы қолдау шарасын пайдаланатын компаниялар мен кәсіпорындардың қатарында бөлшек сауда, қонақ үй бизнесі саласында жұмыс істейтін ШОБ субъектілері, туристік агенттіктер, кинотеатрлар, фитнес - орталықтар, көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру және басқалары бар, барлығы 29 сала бар. Бұл кәсіпкерлердің осы санаты үшін несие жүктемесінің айтарлықтай төмендеуі. Осы мемлекеттік қолдау шарасы субсидиялау кезеңінде 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2021 жылғы 15 наурызға дейін көзделген, қолдау шарттарына сәйкес кәсіпкер номиналды сыйақы мөлшерлемесінің 6% - ын төлейтін болады, ал кредит/лизингтік мәміле бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі мен кәсіпкер төлейтін мөлшерлеме арасындағы айырманы мемлекет қаржы агенті - "Даму"Қоры арқылы төлейтін болады. Қорға 8 795 өтінім келіп түсті, олар бойынша кредиттік портфель 750 млрд теңгені құрады, 4870 өтінім бойынша 4,4 млрд теңге субсидия аударылды.

Екіншіден, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына енгізілген елеулі өзгерістерді атап өткен жөн. Осылайша, мысалы, субсидиялау құралын 6% деңгейінде қолдануды ескере отырып, қарыз алушыға түпкілікті мөлшерлеме біріздендірілді, сондай-ақ секторлар бойынша қолдауды шектеу алып тасталды.

Үшіншіден, микробизнеске арналған жаңа бағдарлама іске қосылды. Өздеріңіз білетіндей, микробизнес пандемияның теріс әсеріне тап болды. Бүгінде ол кепілсіз 20 миллионға дейін және 5 миллион теңгеге дейін қарыздарға, 6% - бен пайыздық мөлшерлемені ішінара субсидиялаумен, кредит сомасының 85% - ы Қорының кепілдігімен қол жеткізе алады. Бұл ретте, мысалы, ол алынған ақшаның төрттен бір бөлігін айналым

қаражатын толықтыруға бағыттай алады, ал қалған соманы инвестициялық мақсаттарға бағыттай алады. Екі жағдайда да "Даму" Қоры қарыз сомасының 85% мөлшерінде кепілдік береді. Айналым қаражатын толықтыруға субсидиялар 2 жылға дейінгі, ал инвестициялық мақсаттарға – 3 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Микробизнеске арналған жаңа бағдарлама кәсіпкерлерге портфельдік субсидиялау мен кепілдендірудің артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді, онда кредиттер беруге арналған өтінімдерді қарау кезеңдері мен мерзімдері қысқартылған, бұл кәсіпкерлер мен олардың бизнесі үшін аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ашатуй М.А. Малый и средний бизнес испытывает влияние мирового кризиса. — [ЭР]. Режим доступа: rus.azattyq.org/info
2. www.damu.kz
3. www.nationalbank.kz
4. https://www.inform.kz/ru/kak-v-kazhstane-podderzhivayut-malyi-i-sredniy-biznes-vo-vremya-pandemii_a3694302

МЕРЫ РАЗВИТИЯ МАЛОГО БИЗНЕСА

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы поддержки малого и среднего бизнеса, его *стимулирование и развитие*. Малый и средний бизнес — основополагающее звено, от состояния и уровня развития которого зависит обеспечение устойчивого экономического роста государства.

Развитие малого и среднего бизнеса – основа экономики любой страны. Без развитого малого и среднего предпринимательства сложно говорить о стабильности макроэкономической ситуации государств. Вследствие этого, еще на заре независимости малый и средний бизнес был определен в Казахстане как важнейший сектор экономики. Всесторонняя поддержка малого и среднего бизнеса всегда была приоритетом государственной политики.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, дорожная карта, микробизнес, субсидия, пандемия, банковский сектор, финансовый институт.

SMALL BUSINESS DEVELOPMENT MEASURES

Annotation

The article deals with the issues of support for small and medium-sized businesses, their stimulation and development. Small and medium-sized businesses are a fundamental link, on the state and level of development of which the provision of sustainable economic growth of the state depends.

The development of small and medium-sized businesses is the basis of the economy of any country. Without a developed small and medium-sized business, it is difficult to talk about the stability of the macroeconomic situation of States. As a result, even at the dawn of independence, small and medium-sized businesses were identified in Kazakhstan as the most important sector of the economy. Comprehensive support for small and medium-sized businesses has always been a priority of state policy.

Keywords: small and medium-sized businesses, road map, microbusiness, subsidy, pandemic, banking sector, financial institution.

МРНТИ 06.01

АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Хамит Д.¹, Ғ.М.Мүсіров²
^{1,2}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе

Аңдатпа

Аталмыш мақалада аймақтың бағдарламаларды жүзеге асыру жолдары, аймақтық бағдарламаларды іске асырудың мақсаты мен міндеттері қарастырылған. Сонымен қатар аймақ экономикасын басқару тиімділігін қамтамасыз ету және аймақтық проблемалардың ерекшелігі аймақтық бағдарламалардың тиімділігін айтарлықтай арттыруға ықпалын тигізетін бірқатар шарттар сипатталған.

Қілт сөздер: аймақ, әлеуметтік-экономикалық даму, аймақтық экономика, аймақтық бағдарлама, аймақтық проблема, аймақтарды басқару, өзін-өзі басқару

ҚР «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымы туралы» заңына сәйкес «аймақ – республика қажеттілігіне құрылған және басқарылатын бірнеше қоныстанған пункттер қосылған республика территориясының бір бөлігі. Республикалық әкімшілік-территориялық құрылымының негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ аймақ болып келеді.

Аймақ экономикасын басқару тиімділігін қамтамасыз ету – аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік және нарықтық реттеу бойынша сәйкес механизмдерді қалыптастыру мен шаралардың тұтас кешенін қабылдауды талап ететін шешілуі күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Аймақтық проблемалардың ерекшелігі – оларды шешу үшін әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының да, жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың да, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының да қатысуы талап етіледі. Осымен байланысты аймақ экономикасын басқару механизмін жетілдіруді өзара байланысты және бірін-бірі өзара толықтыратын үш бағытта жүргізу көзделеді:

біріншісі – макродеңгейде аймақ экономикасын басқару механизмін одан әрі жетілдіру; екіншісі – мезодеңгейде тиімді аймақтық менеджмент механизмін қалыптастыру; үшіншісі – жергілікті өзін-өзі басқару әдістерін жетілдіру.

Аймақ экономикасын басқару механизмін бұлай шектеу, әрине, өзін-өзі ақтайды. Өйткені аймақ экономикасын басқару механизмінің негізінде барлық аумақтарға өмір сүру мен еңбек етудің тең жағдайларына жету үшін тең мүмкіндіктер беру және әрі қарай олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру жатса, ал аймақтық менеджмент пен жергілікті өзін-өзі басқару механизмі тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен бүкіл халықтың тұрмыс жағдайын көтеру үшін аймақтың ішкі әлеуетін және тартылған сыртқы ресурстарды барынша пайдалануға бағытталады.

Бірінші бағыт жөнінде айтар болсақ, макродеңгейде аймақ экономикасын басқару механизмін жасақтау мен дамытуға әрект жасалынды. Оған дәлел – Қазақстан Республикасы аймақтарды дамытудың жалпыбағдарламалық саясатының тұжырымдамасы және оны жаңартуға жасалынған әрекеттер, Қазақстан Республикасы өндіргіш күштерінің даму және орналасу Тұжырымдамасы мен Схемасы, мемлекеттік билік органдары тарапынан бюджетаралық қатынастарды жетілдіруге қатысты үнемі шаралар қабылданып жатқанын айғақтайды [1].

Нарықтық реформалардың жүргізілуі мен аймақтар арасындағы сараланудың күшеюі олардың біразының экономикалық өсу мен дамуға өзінше қабілетті екендігін көрсетті, соған орай аймақты басқару механизмі мемлекеттің, аймақтардың, әр түрлі меншік субъектілері

мен барлық халықтық мүдделерін ұштастыра отырып, барлық аймақтардың проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс.

Сонымен, аймақ дамуын басқару механизмінің әрекет етуінің негізгі міндеттеріне кіретіндер:

- Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, шаруашылық-құқықтық кеңістігінің тұтастығын сақтау;
- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық теңсіздігін қысқарту және біртіндеп жою;
- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ғылыми-техникалық прогресстің қазіргі тараптарына сәйкестендіру;
- барлық аймақтарда табиғатты ұтымды пайдалану мен адамдардың өмір сүру ортасын сақтауды қамтамасыз ету;
- мемлекеттің унитарлық құрылымымен анықталған өкілеттіліктер шегінде аймақтардың дербестігін қамтамасыз ету.

Түптеп келгенде, аймақты басқарудың бүкіл механизмі барлық аймақтардың күшін біріктіре отырып, елдің тұрақты экономикалық дамуы негізінде республика халқының әлауқатын көтеруге бағытталады. Демек, бұл механизм тұратын аумағына байланыссыз өмір сүрудің белгілі бір сапасына кепілдік беретін теңдестірілген аймақтық дамуды қамтамасыз етуі тиіс, яғни, халық табысындағы, жұмыссыздық деңгейіндегі, әлеуметтік инфрақұрылымдағы, көлік желісіндегі, қоршаған ортаның жағдайындағы және т.б. аймақаралық айырмашылықтарды теңестіруді көздеуі қажет.

Аймақтар дамуын басқару жүйесін желілдіру үшін, ең алдымен, республикалық, облыстық және жергілікті деңгейлердегі билік органдарының бірлесіп әрекет ету мәселесін шешу керек. Жүзеге асқан жағдайда орталық пен аймақтар тарасындағы қалыптасқан өзара қарым-қатынастардың тиімділігін айтарлықтай арттыруға ықпалын тигізетін бірқатар шарттар бар [2].

Бірінші және негізгі шарт – Қазақстан Республикасының аймақтары өздерінің табиғи, экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік әлеуеті жағынан әр түрлі болғандықтан, орталық тарапынан аймақтарды басқаруға сараланған көзқарас қажет.

Екінші шарт – қатынасқа түсуші субъектілердің арасындағы экономикалық өкілеттіктерді айқын бөлу, бұл, ең алдымен, орталық пен аймақтардың бюджеттік өкілеттіліктер, салықтық міндеттемелер және әлеуметтік мәселелер аясындағы құзыреттерін шектеуге қатысты.

Үшінші шарт – аймақтардың экономикалық еркіндігін кеңейту, бірақ, ол аймақтық саясаттың толықтай ырықтандырылу нысанына енбеу керек.

Енді мемлекеттік экономикалық бағдарламалау негізінде жататын маңызды ұғымдарды қарастырайық. Олар экономикалық проблемаларды жою, басу, жұмсарту мақсаттарына бағытталған басқару органдарымен өзара байланысты бағдарламалық жүйелер өндіру және өткізу (қатысушыларды, орындаушыларды тартумен) арқылы шешу тәсілі болып табылады.

Бағдарламалық-мақсаттық әдіс формуласын ең қысқа түрде «мақсаттар – жолдар – құралдар – орындалуды ұйымдастыру» логикалық тізім түрінде ұсынуға болады.

Қазіргі уақытта аймақ бастықтарының көпшілігі өз аумағының әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын өңдеу қажеттілігін түсінуіне келді. Әдетте, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын бастап жасаушы әкімшілік болып табылады, ал бағдарламаны таныстырушы құжат құрылымы мемлекет деңгейіне лайықты құжаттардың құрылымымен сәйкес келеді. Аймақтық бағдарламаның мақсаттары экономиканың ірі бағыттары мен бұтақтарына мақсат болып декомпозицияланады, олардың орындалуы аймақ әкімшілігінің сәйкес құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі. Соның өзінде тек екі субъекті ғана назарға қабылданады: әкімшілік және мемлекеттің өзі.


Бағдарлама мақсаттары жиірек әкімшілік хабардарлық деңгейінен асып кетеді, бірақ, олар мемлекет деңгейінде іске асырылуы мүмкін. Бірақ бір факт еленбейді – заңға сүйінген мемлекетте шаруашылық етуші субъекті ретіндегі мемлекеттің хабардарлық деңгейіне де шек қойылған. Сонымен қатар, көп жағдайда бұл бағдарламалардағы аймақтық әкімшіліктің ұсынулары олардың болашақ туралы көзқарасын қарстырады. Жоғарғы деңгейден қосымша қорлар алу үмітінде өз мақсаттарын өкімет органдарының мақсаттарымен сәйкестендіреді. Бұл жағдайлар осы құжаттың пайда болуына әкелді. Негізгі мақсаттары төмендегі суретте келтірілген.

Сипатталған бағдарлама құрастыру әдісі өмірге бейімді аймақтық бағдарламаларды өңдеу және жасауға лайық әлемде танымал факторларды назарға қабылдамайды:

- бағдарлама бастаушысынан тәуелсіз, оның табысы маңызды серіктердің тең құқылығына және өзара толықтырылуына негізделеді, олардың келісу деңгейімен және мінез-құлығымен, сонымен қатар олардың мүмкіншіліктерімен толық анықталады;

- даму стратегиялық бағыттарының таңдауы аумақтың жалпы проблемаларын шешуден емес, капитализациялауға болатын, аймақтың бәсеке артықшылықтарынан шығарылады;

- аймақтық бағдарлама – бұл мақсаттардың және олардың орындауына арналған инвестициялық жобалардың жиынтығы емес, мақсаттық шаралардың жоспары [3].



СУРЕТ 1. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының мақсаттары

Бағдарламалық-мақсаттық жоспарлауға және басқаруға келесі мінездемелер тән:

- мәселенің шешімін табу үшін жету керек мақсаттарды айқын көру және жүйеге келтіру, оларды «мақсаттар ағашы» түрінде ұсыну;

- жүйелік ұйымдастырушы мақсаттар жиынтығынан мақсатты жүзеге асыру әрекеті, оларды өткізу проблеманың әлсіреуіне немесе алынуына әкелетін шаралар жүйесіне көшу;

- берілген мерзімде бағдарламалық шаралардың жүзеге асыруына арналған құралдарды, қорларды және қорлардың түсу көзін құру;

басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін айқындалған іс-әрекетті орындаумен, олардың орындалуын басқару органдарының жағынан бақылау және қамтамасыз етумен іске қосу.

Жалпы алғанда осы жасақталған құжаттар негізінен жекелеген аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі ауытқуларды қысқартуға, сонымен қатар өнеркәсіптік өндірісті қайта құруға, оны әртараптандыруға, ауыл шаруашылығын көтеруге, ауылдық аудандардың дамуына ықпал етуге, жұмыссыздыққа қарсы күреске және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына көмек көрсетуге, дағдарысты аймақтар мен экологиялық қолайсыз аймақтарды қолдануға бағытталған макродеңгейде аймақ дамуын басқару

механизмін қалыптастырудың негізгі тәсілдерін анықтайды. Дегенмен, осы уақытқа дейін бұл механизм жан-жақты жасақталды деуге болмайды. Сондықтан да оның міндеттерін, әрекет ету бағыттары мен жекелеген құралдарын әлі де нақтылау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова Г.С. «Аймақтық экономиканы басқару мәселелері: оқу құралы», Алматы «Экономика», 2016 ж
2. Кемел М. «Проблемы развития местного государственного управления и самоуправления на современном этапе» Астана, 2011
3. Айтаханов Е. Қазақстан Республикасының аймақтық дамуының жоспарлау процесстерін басқару проблемалары /Е. Айтаханов //Вестник, Эль-Фараби ат.КазГУ. Сер. экон. - 2016. - №2(30).

УЛУЧШЕНИЕ СПОСОБОВ РЕАЛИЗАЦИИ РЕГИОНАЛЬНЫХ ПРОГРАММ

Аннотация

В данной статье рассмотрены пути реализации региональных программ, цели и задачи реализации региональных программ. В то же время описан ряд условий, способствующих существенному повышению эффективности региональных программ обеспечения эффективности управления экономикой региона и специфики региональных проблем.

Ключевые слова: регион, социально-экономическое развитие, региональная экономика, региональная программа, региональная проблема, управление регионами, самоуправление

IMPROVING WAYS TO IMPLEMENT REGIONAL PROGRAMS

Annotation

This article discusses the ways of implementing regional programs, the goals and objectives of implementing regional programs. At the same time, a number of conditions that contribute to a significant increase in the effectiveness of regional programs to ensure the effectiveness of regional economic management and the specifics of regional problems are described

Keywords: region, socio-economic development, regional economy, regional program, regional problem, regional management, self-government

МРНТИ 06.01

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ 2020 ЖЫЛҒЫ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

Дарибаева А.А.¹, Ғ.М.Мүсіров²
^{1,2}Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе

Андатпа

Мақалада ҚР ҰБ 2020 жылдағы жүргізген ақша-кредит саясатына шолу жасалады, соның ішінде экономикадағы макроэкономикалық факторлардың есебінен қалыптасқан ауытқушылықтарды базалық мөлшерлеме арқылы реттеу шараларына шағын талдау жасалады.

Қілт сөздер: ақша-кредит саясаты, Ұлттық Банк, инфляция, баға, тұтыну бағаларының индексі, базалық мөлшерлеме, инфляцияны болжамдау.

Ақша-несие саясаты – ақша айналымы мен несие жүйесі саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі [1]. Қазақстан экономикасы әлі де COVID-19 пандемиясының теріс әсерінен зардап шегуде. Жалпы, коронавирустың таралуына және әлемдік шикізат нарықтарындағы бағалардың төмендеуіне байланысты сыртқы күйзелістер ҚР макроэкономикалық көрсеткіштерінің серпініне теріс әсер етті. Экономиканы қалыпқа келтіру үшін Ұлттық банкі ақша-кредит саясаты шеңберінде, теңгенің құбылмалы айырбас бағамы кезінде инфляциялық таргеттеу режиміне сәйкес жедел және үйлесімді жұмыс жүргізуі тиіс. Ал мұндай жағдайда Ұлттық банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы – базалық мөлшерлеме болып табылады. Енді Ұлттық банктің 2020 жылдың ақпан-қазан айларында экономикадағы ауытқушылықтарды базалық мөлшерлеме арқылы қалай реттеп отырғандығына шолу жасап көрелік (Сурет 1).

Мұнай мен жалпы энергия ресурстарына бағаның құлдырауынан кейін ҚР Ұлттық Банкі макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан экономикасы үшін сыртқы күйзелістердің салдарын төмендетуге бағытталған бірқатар қажетті шараларды іске қосты. Осылайша, 2020 жылғы наурызда реттеуші пайыздық дәлізді +/-1,5 пункт аралығында кеңейте отырып, базалық мөлшерлемені 12,0%-ға дейін арттыру туралы кезектен тыс шешім қабылдады. Бұл Ұлттық банктің айналымдағы ақша жиынын шектеу мақсатындағы қатаңдатылған ақша кредит саясатын қолдануы еді.


Ендігі кезекте ағымдағы жылдың сәуір айының басынан бастап елдегі экономикалық белсенділіктің айтарлықтай төмендеу қаупін ескере отырып, ҚР ҰБ ақша-кредит шарттарын біртіндеп жеңілдету процесін бастады. Осы жылдың 6-шы сәуірде пайыздық дәлізді +/-2 пунктке дейін кеңейте отырып, базалық мөлшерлемені 9,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылданды.

Бұдан әрі, валюта нарығындағы қысымның әлсіреуіне және проинфляциялық тәуекелдердің төмендеуіне қарай, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында іскерлік белсенділіктің төмендеуімен байланысты қауіптердің бір мезгілде өсуімен ҚР ҰБ 2020 жылдың шілдесінде базалық мөлшерлемені 9% -ға дейін төмендетіп, пайыздық дәліздің + / - 1,5 пунктке дейін тарылуына жол берді [2].

Базалық мөлшерлеме бойынша соңғы шешім ағымдағы жылдың 26 қазанында қабылданды: базалық мөлшерлеме +/-1,5 пункт пайыздық дәлізімен жылдық 9,0% деңгейінде сақталды. Базалық мөлшерлеменің одан әрі төмендеуі ішкі және сыртқы нарықтарда жоғары белгісіздіктің сақталуына байланысты шектеулі болды.

Осылайша сәуір мен шілдеде базалық мөлшерлеменің төмендеуін және 2020 жылы жылдық инфляция болжамын ескере отырып, базалық мөлшерлеменің мәні нақты мәнде, яғни ағымдағы жылдың қазан айында 1,9%-ды құрады. Бұл тепе-теңдік жарияланған деңгейден 3%-3,5% төмен. Тиісінше, мұны ақша-кредит саясатының ынталандырушы бағыты деп айтуға болады.


Ұлттық банктің нәтижелі ақша-кредит саясатының арқасында ағымдағы жылдың қазан айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7,1% деңгейінде қалыптасты, бұл ҚР ҰБ бағалауынан біршама төмен және ол тұтыну нарығындағы жағдайдың тұрақтандыуын білдіреді.



Сурет 1. ҚР ҰБ-тің 2020 жылғы базалық мөлшерлемелерінің жағдайы

Ендігі кезекте тұтыну бағаларының индексіне тоқтала өтейік. Өз кезегінде, азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары бойынша анықталатын инфляция да бағалаудан төмен қалыптасты. Осылайша, азық-түлік тауарларына баға индексі – 105,6% болды, ал болжамды мәні – 111,5%, азық-түлік емес тауарларына – 110,7% болды, болжамды мәні – 116,7% құрады (сурет 2 және сурет 3). Инфляция динамикасы коронавирустық инфекцияның таралуы және белгілі бір тауарларға сұраныстың артуы аясында карантиндік шараларды енгізу әсерінен қалыптасты.


Азық-түлік инфляциясының құрылымында ет және нан-тоқаш өнімдері нарықтарындағы бағаның жылдық өсу қарқынының күрт баяулауы байқалды. Теңгенің номиналды бағамының әлсіреуі аясында айтарлықтай импорттық құрамдас бөлігі бар тауарлар тобына бағаның өсуі байқалады: майлар мен сұйық майлар, шай мен кофе, алкогольді ішімдіктер.



Сурет 2. ҚР-ғы тұтыну бағалары индекстерінің көрсеткіштері

Ағымдағы жылы инфляция болжамы 8%-8,5% шегінде көзделген, бұл ретте ағымдағы жағдайға және ҚР ҰБ атқарған жұмысына байланысты 2020 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция болжамды мәндерден төмен болады. Ал 2021 жылы инфляцияны нысаналы дәліздің жоғарғы шегіне қарай төмендету көзделіп отыр: 4%-6%.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты шеңберіндегі батыл және уақтылы іс-қимылы және дағдарысқа қарсы шараларды жүргізу дағдарыстың теріс салдарын жоюға мүмкіндік берді және елдегі іскерлік белсенділікті қалпына келтіруге оң әсер етті. Іскерлік белсенділік индексі 2020 жылғы қазанда 48,8 пунктке дейін ұлғайды, бұл ағымдағы жылғы ақпаннан бергі ең үздік көрсеткіш болып табылады. Өз кезегінде, экономиканы кредиттеу бір жыл ішінде 7,1% - ға, 14,3 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл өсім ҚР ҰБ тарапынан жеңілдікпен берілген кредиттер есебінен қалыптасты. Осылайша Ұлттық Банк жиынтығында жалпы сомасы 2,3 трлн теңгеге дейінгі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды қаржыландырады, бұл дағдарысқа қарсы топтаманы қаржыландырудың 50%-дан астамын құрайды және бұл бұрын-соңды болмаған жағдай.



Сурет 3. ҚР-ғы тұтыну бағалары индекстерінің 2015-2020жж аралығындағы өнімдер жіктеліміндегі көрсеткіштері

Ақша-кредит саясатының осындай белсенділігі елдегі экономикада да іскерлік белсенділікті қалыптастырды, нәтижесінде, экономиканың нақты секторы оң серпінмен сипатталады.

Мәселен, ағымдағы жылдың он айының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде 3,2%-ға, оның ішінде тамақ өнімдері өндірісінде – 3,4%-ға, фармацевтикада – 39,7%-ға, дайын металл бұйымдары өндірісінде – 19,5%-ға, машина жасауда – 16,5%-ға (оның ішінде автомобиль жасауда – 53,6%-ға), қағаз өнімдері өндірісінде – 15%-ға, жеңіл өнеркәсіпте – 16,4%-ға өсім қамтамасыз етілді. Құрылыс көлемі 10,7%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру 9,7%-ға ұлғайды. Ауыл шаруашылығында 5,2%-ға тұрақты өсім қамтамасыз етілді [3].

Сонымен қатар, ХВҚ өкілдері Ұлттық Банк пен ҚР Үкіметінің коронавирустық пандемиямен күрес бойынша дағдарысқа қарсы шараларына оң баға берді. ХВҚ-ның пікірінше, COVID-19 пандемиясына және сыртқы жағдайлардың күрт нашарлауына жауап ретінде қабылданған шаралар шешуші және уақтылы болды.

ХВҚ қызметкерлерінің миссиясы уәкілетті органдар тарапынан мемлекеттік саясат шеңберінде пандемияға қарсы іс-қимыл шараларына және дағдарыстан кейінгі кезеңде олардың неғұрлым тұрақты және инклюзивті өсуге деген ұмтылысын, сондай-ақ Ұлттық банктің инфляциялық таргеттеу саясатына бейілділігін жоғары бағалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ -2-бас., өңд. және толықт. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.
2. <http://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2020/05/aptalyk>
3. Ranking.kz (www.ranking.kz)

ДЕНЕЖНО –КРЕДИТНАЯ ПОЛИТИКА НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА В 2020 ГОДУ

Аннотация

В статье будет дан обзор денежно-кредитной политики, проводимой НБ РК в 2020 году, в том числе проведен небольшой анализ мер регулирования колебаний, сложившихся по причине макроэкономических факторов в экономике через базовую ставку.

Ключевые слова: денежно-кредитная политика, Национальный Банк, инфляция, цена, индекс потребительских цен, базовая ставка, прогнозирование инфляции

MONETARY AND CREDIT POLICY OF THE NATIONAL BANK IN 2020

Annotation

The article will provide an overview of the monetary policy pursued by the national Bank of Kazakhstan in 2020, including a small analysis of measures to regulate fluctuations that have developed due to macroeconomic factors in the economy through the base rate.

Keywords: monetary policy, national Bank, inflation, price, consumer price index, base rate, inflation forecasting.

МРНТИ 06.01

ӘЛЕМДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ

Тлеужанов Б. ¹, Ғ.М.Мүсіров ²
^{1,2} *Баишев университеті, Қазақстан, Ақтөбе*

Аңдатпа

Мақалада әлемдегі өзекті мәселелердің бірі – жастар жұмыссыздығы туралы оны мемлекет тарапынан реттеу қажеттілігіне сипаттама жасалады, сонымен қатар, әлемнің әртүрлі елдеріндегі жастар жұмыссыздығының қалыптасу ерекшеліктері, оның көбеюі қоғамдағы әлеуметтік тұрақсыздық жағдайға соқтыратын салдарлары көрсетілген.

Қілт сөздер: жұмыссыздық, жастар жұмыссыздығы, еңбек нарығы, халықаралық еңбек ұйымы, дағдарыс, әлеуметтік тұрақсыздық, өмір сүру деңгейі, жалақы, табыс, жұмыссыздықты реттеу.

Жаһандық сын-қатерлер жағдайында жастардың жұмыссыздығы өсуі әлемнің көптеген елдерін алаңдатып отыр. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, қазіргі кезде

әлем бойынша 15-24 жас аралығындағы 75 миллионнан астам жастың жұмысы жоқ. Бұл – 2007 жылы әлемдік қаржы дағдарысы басталған кездегі көрсеткіштен төрт миллионға артық. Ал олардың алты миллионнан астамы жұмыс табудан мүлдем үмітін үзген.

Жастар арасындағы жұмыссыздық жалпы еңбек нарығының әлсіздігін көрсетеді. Алайда халықаралық еңбек ұйымының Бангоктағы бөлімінің маманы Матье Когнактың айтуынша, ересектерге қарағанда жастардың жұмыссыз қалуы үш есе оңайырақ [1]. Өзгелерден бұрын бірінші жастар дискриминацияға ұшырайды. Экономика қалыпты болып тұрған кезде әдетте, жастар соңынан жұмысқа қабылданса, дағдарыс кезінде бірінші боп қысқартуға ілінеді.

Еуропа Одағы аумағында жұмыс іздеген 25 жастағы әрбір бесінші жас жұмыс таба алмайды. Сондықтан олардың көбісі жартылай еңбек күнге жалданады немесе көлеңкелі бизнеске тартылады. Халықаралық еңбек ұйымының болжамына сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздық жақын жылдары Еуропалық Одақ мемлекеттері – Испанияда, Италияда, Грекияда 30 пайыздан асады. Жастар көп шоғырланған Азия-Тынық мұхиты аумағындағы елдердің еңбек нарығының жағдайы да бұлыңғыр. Тайвань мен Филиппинде әрбір алтыншы жас жұмыссыз, Индонезияда – әрбір бесінші жас.

Әлемнің ең кедей аймағы саналатын Таяу Шығыс пен Африканың біраз елдерінде шамамен үш жастың бірінде жұмыс жоқ. Халықаралық еңбек ұйымының маманы Матье Когнактың айтуынша, «жұмыссыздық кедей дамушы елдер үшін де негізгі проблема. Еуропада жаңа жұмыс орындарын ашуға мән беріліп отыр, онда жұмыс орындары аз. Азиядағы дамушы елдерде де бұл негізгі проблема, бірақ мұнда әлеуметтік кепілдік пен әлеуметтік қорғау жүйесі жетілмегендіктен басты назар жұмыс орындарының сапасына аударылады. Жастарда еңбекақысы төмен жұмысқа орналасудан басқа амал жоқ», – дейді ол [2].

